


Исмаилжан Уминов



Орденбек Мазбаев

Ұлы Шоканның керуен жолымен



Астана 2015



Ә0Ж 910.4
КБЖ 26.8 г
И49

*Редакциялық коллегиясы: Назарова С.Н., Тулебаев Д.Ж., Жакина Н.Е.
Аударма: Тулебаев Д.Ж. (қазақ тілі), Стамкулова Г.Б. (ағылшын тілі)
Фото: Мазбаев О.Б., Иминов И.А., Прокопенко В.А., Байбакишева А.М.
Дизайн және беттеу: Скляренко Д.С.*

Иминов И.А.

И49 Ұлы Шоқанның керуен жолымен / И.А. Иминов, О.Б. Мазбаев.- Астана, 2015. -
184 б.

ISBN 978-601-275-537-4

Бұл кітап күллі ағартушы әлем 2015 жылы туғанына 180 жыл толатынын атап өтетін XIX ғасырдың зерттеушісі, саяхатшысы, қазақтың ұлы ғалым-энциклопедияшысы Шоқан Уәлиханов бастаған Қашқарды зерттеу экспедициясының жалғасы іспетті.

Қазақстандық ұлттық географиялық қоғамы 2014 жылы ұйымдастырған экспедиция мүшелерінің жеке әсерлері негізінде жазылған туындыда танымдық фактілер молынан камтылған, жеңіл әрі қызықты оқылады. Бірегей экспедицияның фотосуреттері мен тартымды эпизодттары ешкімді бейжай қалдырмасы анық. Кітап қалың оқырман қауымға арналып отыр.

Ә0Ж 910.4
КБЖ 26.8 г

ISBN 978-601-275-537-4

© Қазақстандық ұлттық географиялық қоғамы, 2015
© И.А.Иминов, О.Б.Мазбаев, 2015

ҚҰГҚ серіктестері:



Исмаилжан Уминов, Орденобек Мазбаев

Ұлы Шоканның керуен
жолымен

Астана, 2015

«Қазақстандық ұлттық географиялық қоғамы» республикалық қоғамдық бірлестігі (КҰГК) Қамқоршылық кеңесінің Төрағасы, ҚР премьер-министрі К.Қ.Масимовтың қолдауымен 2013 жылы қазан айында құрылды.

КҰГК-ның ең алғашқы жобаларының бірі 2014 жылы шілде-тамыз айларында «Ұлы Шоканның Қашқарияға керуен жолы» атты экспедициясы ұйымдастырылды. Назарларыңызға осы саяхатты баяндайтын кітапты ұсынып отырмыз. Бұл кітап қазақ халқының ұлы ғалымы, саяхатшысы, ағартушысы Ш.Уәлихановтың 2015 жылдың қараша айында атап өтілетін 180 жылдығына арналып шығарылып отыр.

Шоқан Уәлиханов - қазақ халқының тарихында ғана емес, ол дүниежүзілік ауқымдағы ұлы және маңызды тұлғалардың бірі. Осыдан 150 жыл бұрын 30 жасқа да жетпей өмірден өтсе де, оның атқарған ұшан-теңіз ғылыми еңбектері бүгінгі күнде де өзекті әрі заманауи болып табылады. Ғалымның қазақтарға, ұйғырлар мен қырғыздарға арнаған этнографиялық шығармалары классикалық туындыға айналды және олардың маңыздылығы да жыл санап арта түсуде. Шоканның өн бойынан біз тарихшы, саясаттанушы, географ, этнограф, биолог және суретші тәрізді қасиеттерді көреміз. Ол не туралы жазса да, еңбектері жоғары кәсіби дәрежеде орындалды. Алайда Шоқан Уәлиханов тек қана ғалым болған жоқ, ағартушы да болды. Керемет ақыл иесі, жағдайды терең бағалай білетін қабілетке ие ғалым қазақ халқын алдыңғы қатарлы мәреге тек ағартушылық ғана жеткізетінін ұғынды. Өз отандастары, туыстары ұға алмаған кеменгер білімділікте, дүниені тануда замандастарынан жүз жылдықтарға озып кетті.

2014 жылдың шілде-тамыз айларында ғалымның 2015 жылы атап өтілетін 180 жылдығы қарсаңында Қазақстандық ұлттық географиялық қоғамы «Шоқан Уәлихановтың керуен жолымен» атты экспедиция ұйымдастырды. Заманауи зерттеушілер олардың ұлы ізашары болған барлық жерлермен жүріп өтті. Олар Қашқарды көрді, ескі шаһарды аралап, Әппак қожаның әйгілі мазарында, Хейтгах мешітінде болды. Аталған жерлердің бәрі де Шоканның қашқарлық одиссеясымен байланысты, бұл жерлер оның еңбектерінде көрініс тапқан. Бүгінгі саяхатшылар Шығыстың данышпандары, ғалым Махмұт Қашқари және ақын Жүсіп Баласағұн жерленген зираттарға зиярат етті. Олар сондай-ақ Тұрфан, Қарашахар, Қорла, Құшар, Ақсу, Артуш сияқты көне шаһарларда болып, Тарим өзені, Бағрашкөл мен Лобнор көлдерін, құпияға толы Такла-Макан шөлін көрді.

Экспедиция мүшелері жоғары таулы Торугарт асуынан өтіп, кезіндегі Ш.Уәлиханов тәрізді құпиялы Таш-Рабат тасты сарайдың бөлмелерін санады, Шатыр көлді, екпінді өзен Нарынды тамашалады. Саяхаттарын Шоқан өз экспедициясын аяқтаған Алматыда тәмамдады.

Әлбетте, алдағы уақытта жаңа экспедициялардың да болары сөзсіз. Ал біз осы экспедиция арқылы қазақ халқының мақтанышы, ағартушысы, ғалымы мен саяхатшысы, ұлы зерттеушісі Шоқан Уәлихановтың мәңгі өлмес есіміне құрмет көрсетеміз.

Сіздердің назарларыңызға бұл саяхатқа арналған кітапты ұсынып отырмыз. «Шоқан Уәлихановтың керуен жолымен» сіз бізбен бірге өткен уақыт пен қазіргі заман саяхатшыларының таң-тамаша саяхаттары мен жаңалықтар әлеміне бойлап, тағылымды әсер аласыз деген сенімдеміз.

*«Қазақстандық ұлттық географиялық қоғамы»
республикалық қоғамдық бірлестігінің
Басқарушы кеңесінің төрағасы*

Қ. Ә. Байғарин

1 Төлім.

Шоқан Уәлиханов
экспедициясымен
Қазақарды зерттеу

Қазақ халқының тарихында тұғырлы тұлға Шоқан Уәлихановтың есімі ерекше орын алады. Заманынан озық туған ойшылдың өмірден өткеніне биыл 150 жыл болса да, онымен теңдес ғалым зерттеушіні, әдебиеттанушыны табу қашанда қиын. Ол ХІХ ғасырдың 50-жылдарының соңы мен 60-жылдардың басында Ресейдің және күллі Еуропаның ғылыми қауымдастығын өзінің туабітті дара талантымен, асқан білімдарлығымен дүр сілкінітіп, таң-тамаша еткен әлемдік деңгейдегі данышпан еді. Кез келген дананың тағдыры сияқты Шоқанның да өмір жолы сыр мен құпияға, жұмбаққа толы. Демек, Шоқан Уәлиханов тұлғасы ғалымдардың ұзақ жылдар бойы зерттеуі тиіс құбылыс-феномені болып қала береді. Бірақ бұл жағдайдың өзінде де көптеген сауалдарға толық жауаптар берілмесі хақ.



Осы орайда біз отандасымыздың есімімен тығыз байланысты жер мен аймаққа экспедициялық сапарға шығу арқылы ұлы адамның болмыс-бітімін ұғынуға, түсінуге талпыныс жасадық.

Бізді Шоқанның трагедиялық әрі романтикалық тағдыры қызықтырып, еліктіре түсті. Шыңғысханның ұрпағы, Абылай ханның шөбересі, Кенесарының жақын туысы, Орта жүздің соңғы ханы Уәлидің немересі ол Орта Азияның зерттеушісі және саяхатшысы, ірі ғалымы болды.

Шоқанның балалық шағы

Шоқан Уәлиханов Солтүстік Қазақстан облысының Құсмұрын деп аталатын жерінде 1835 жылдың қараша айында дүниеге келді. Құсмұрында мейірімді де данагөй әжесінің ұлағатты тәрбиесін көріп, оқу мен ілім-білімге ден қойып, қазақша жазуды ғана емес, сондай-ақ шағатай тілін меңгеріп, Құранды, исламның негіздерін, араб және парсы тілдерін үйренді.

Құсмұрын мен Сырымбет Қазақстандағы ең бір әсем де көрікті жерлердің бірі. Шетсіз-шексіз қиыр дала, орманды-таулар зерек баланың жан-дүниесіне ерекше әсер етті.

Шоқан бүлдіршін кезінің өзінен-ақ өнерпаз жерлестері шырқаған халық әндерін, жүрегін тербеткен әуендерді беріле тыңдап, жадында мәңгі сақтады. Бұған Айғаным әжесінің де ықпалы зор болды. Данагөй, көркем мінезді, өмірден көрген-түйгені мол әжесі немересін шексіз жақсы көрді. Шоқан да әжесіне жуық болып, уақытының көбін бірге өткізді. Шығыстың алты тілін білетін, қарасөзге шебер Айғаным сүйікті немересіне туған жердің қадір-қасиеті туралы ескі аңыз-әфсаналарды, ертегілерді айтып беріп отыратын. Көп ретте ол Абылай хан мен Уәлидің өмір тарихынан сыр шертетін. Әжесінің айтқандарын Шоқан зердесіне құйып, өмір бойы есінде сақтап өтті.



Шоқанның әжесі Шыңғыс та ерекше дарынды, көпқырлы адам болды. Біздің пайымдауымызша, ол қазақ арасында орысша білім алған алғашқы тұлғалардың бірі еді. Сібір әскери училищесінің түлегі, орыс тілінде жатық сөйлейтін ол орыс армиясында полковник болды. Шыңғыс небәрі 23 жасында өзін білікті ұйымдастырушы ретінде көрсете білді. Ол Аманқарағай аймағының аға сұлтаны болып тағайындалды. Қазақ даласын зерттеуге келген орыс ғалымдарына қолғабыс етіп, музейлерге, әртүрлі көрмелерге, қауымдастықтарға апарып, материал жинауда қол ұшын берді. Сонымен қатар ол талантты музыкант ретінде де белгілі болды. Домбыра тартып, ән салды, айтыстар ұйымдастырды.

Шоқан бала шағынан сурет салуға әуестенді. Бұл жөнінен оған алғашқы дәрісті Құсмұрын мен Сырымбеттегі әжесі мен әкесінің үйіне келген орыс ғалымдары, топографтанушылар, геодезистер, инженерлер берді. Суретшілік таланты жас кезінен-ақ аңғарылды, бұл кезде Шоқан өзінің туған-туыстарының, достарының, жерлестерінің бейнелерін, табиғат көріністерін қылқалам тілінде сөйлетті.

Омбыдағы кадет корпусында оқуы

1847 жылы Шоқан 12 жаста болған кезінде орыс тілін білместен Омбыдағы кадет корпусына оқуға түсіп, үш жылдың ішінде аталған оқу орнының ең үздік кадеттерінің бірі атанды. Ол кезде орыс тілін де жетік дәрежеде меңгеріп алды.

Омбының кадет корпусы Сібірдегі ең үздік оқу орындарының бірі болды. Мұнда тәжірибелі ұстаздар дәріс берді. Шоқанның ғалым ретінде қалыптасуына әдебиетші-ориенталист Ф.Н.Костолецкий, тарихшы Гонсевский, филолог Ф.П.Лободовскийдің оқыған дәрістері мен сабақтары ерекше ықпал етті. Жас кадет тіл мен әдебиетті, тарихты, сондай-ақ география мен биология пәндерін оқуға ерекше ынта-ықылас танытты. Шоқанның білімге деген құштарлығы, туа бітті зеректігі мен ойшылдығы, жадысының мықтылығы оған сабақ берген ұстаздарын, бірге оқыған құрбы-құрдастарын қайран қалдырды. Сол

жылдардың өзінде-ақ Шоқанның ғылымдағы болашағы жарқын боларына ешкім де күмән келтіре алмаған еді.

Даңғыл жолға түсуге бел байлаған бозбала орыс әдебиетінің білікті маманы, шығыстану ғылымының терең білгірі, шығыстану факультетінің түлегі Ф.Н.Костолецкиймен тығыз байланыста болды. Ф.Н.Костолецкий Шоқанға фольклорды танып, зерделеу әдіс-тәсілдерін үйретті. Кадет корпусында оқи жүріп, жас өрен орыстың классикалық әдебиетіне ерекше ден қойды. А.Пушкин, Н.Гоголь, В.Белинский, А.Герцен сияқты жазушылар оның сүйікті авторларына айналып үлгерді.

Шоқанға тарих пәнінің мұғалімі Гонсевский де әкелік мейірмен қарады. Жас аралықтарында едәуір айырмашылықтың болғанына қарамастан олар жақын араласып, дос болды. Гонсевскийдің Еуропа және Шығыс тарихы жөнінде айтқан әңгімелері мен тұшымды сөздері болашақ қазақ ойшылының зердесінде мықтап жатталды.



Ш. Уалихановтың Орыс география қоғамының мүшелік күәлігі



Жас кадет жазғы демалысын туған жері Сырымбетте өткізді. Мұнда ол сүйкті әжесінің қызықты әңгімелерін ден қоя тыңдап, сурет өнерін жалғастырды, естіген аңыз бен ертегілерді, ән-жырларды қағаз бетіне түсірді. Қолына бүркіт ұстап, саятшылық құрды. Уақытының көп бөлігін байтақ дала төсінде өткізіп, қасқыр, түлкі тәрізді аңдарды аулап, аңшылықтың қызығына берілді.

Қызмет бабына байланысты Омбы қаласында тұрған С.Г.Ядринцев және С.Ф.Дуров есімді ғалым, ұстаздар Шығыстың тарихы мен әдебиетін жетік меңгеріп келе жатқан білімді шәкірттің талабы мен қарым-қабілетіне қызығушылық танытты. Ш.Уәлиханов пен П.П.Семёнов-Тянь-Шанскийді ерекше қарым-қатынас байланыстырды. Осындай рухани байланыстың әсерінен де болар, Шоқан өз өмірінің басты мұраты ретінде – Орталық Азияны зерттеуге шындап бекінді. Кейінірек П.П.Семенов-Тянь-Шанский екеуі Жетісу аймағына экспедициямен барды. Сол жылдардың өзінде Шоқан еуропалықтарға беймәлім болып келген Қашқар сапары туралы армандады.

Шоқанның алғашқы сапарлары. Құлжаға жасаған экспедициясы

1853 жылы кадет корпусының түлегі Ш.Уәлиханов Батыс Сібірдің және жеке Сібір корпусының басшысы генерал Гасфорттың адъютанты болып тағайындалды. Әрине, мұндай тағайындау кез келген жас офицер үшін мақтаныш болғанымен, ол өзінің басты арманын бір сәт те ойынан шығармады, яғни үнемі саяхатқа шығуды көкседі.

1954 жылы 19 жасар Шоқан орыстың атақты жазушысы Ф.М.Достоевскиймен танысты. Олардың таныстығы берік достыққа ұласты. Шоқан орыс жазушысын өзінің бірегей білімпаздығымен ғана емес, сонымен қатар сәбидей пәк жүрегімен, туған халқына деген ұлы махаббатымен де баурап, тәнті етті. Ф.М.Достоевский дәл осы қазақтың ұланындай басқа жасөспірімді жақсы көріп көрген жоқ шығар, сірә.

Шоқан өзінің алғашқы сапарын 1855 жылы Жетісуға жасады. 1856 жылы Жетісуда екінші рет болып, Қырғызстанға арналған әскери-ғылыми экспедицияға қатысты. Онда ол Ыстықкөлдің бассейнін зерттеп, қырғыз халқының тұрмыс-тіршілігімен, төл мәдениетімен етене танысты. Тарихта алғашқы рет атақты «Манас» эпосының ауызша нұсқасын қағаз бетіне түсіріп, әлем әдебиеті оқырмандарына осынау айтулы жыр-жауһарымен оқып-танысуға мүмкіндік тудырды. Ол өз құндылығын күні бүгінге дейін жоғалтпаған «Қырғыздар» атты ғылыми еңбек жазды.

Талантты, білімді жас офицерді Батыс Сібір генерал губернаторы делегация құрамында Құлжаға Қытай билігімен келіссөздер жүргізу үшін жіберуді ұйғарады. Дипломатиялық миссияны Верный бекінісінің негізін салушылардың бірі М.Ю.Лермонтовтың Мәскеу университетінде бірге оқыған досы, аса тәжірибелі подполковник М.Д.Перемышльский басқарады.

Орыс дипломатиялық миссиясының мақсаты қандай болып еді? Бірінші – бұл аймақпен сауда-саттық байланыстарды жаңғыртып, қалпына келтіру. Екінші – Құлжа және Чугачек қалаларында Ресей консулдығын ашу.

1856 жылдың 1-ші тамыз күні Ресей делегациясы Борокожыр шекара бекетіне келеді. Онда оларды Қытай офицері сыйлық беріп күтіп алады. Бұл сыйлықтан бас тарту мүмкін болмады. Әрі қарай дипломатиялық миссия елсіз дала бойымен жүріп отырып, Үсек өзеніне жетеді. Экспедиция Іле өзеніне қарай жол тартты. Мұнда бау-бақшаларды, жайнап тұрған егістік алқаптарын, бидай түйіп жатқан диқандарды көрді (Біз бұл жерде 2012 жылы болған едік. Ол әлі күнге дейін дәл сондай бау-бақшаларымен, ерекше күтімі бар алқаптарымен көз сүйсіндіреді).

Уәлиханов бір ағаштың саясында тынығып жатқан шаруаны байқап қалады. Шоқан, әрине, жақындап келіп, танысып сөйлеседі. Олар Іле ұйғырлары болатын. Ғалым олар туралы былай деп жазды: «Шүңірек көздерінің сызығы жұқа әрі түріктің қылышы сияқты майысқан, мұрны мен ерні, белінің арықтығы бұларды ортаазиялықтардан ерекшелеп

тұрады».

Қазақ саяхатшысы Іле аймағын құлпырып тұрған жерге айналдыра білген адамдар туралы күрсініспен қалам тербеді: «Бұл халық ешуақытта толыққанды азаттыққа ие болған жоқ. Құлдық пен тәуелсіздіктің мұндай әсері олардың жүздеріне қайғылы үмітсіздік табының ізін қалдырды». Құлжаға таяу маңдағы делегацияны осы шаһардағы орыс консулы, белгілі шығыстанушы Иван Захаров қарсы алды. 5 тамыз күні экспедиция өлкенің әкімшілік орталығына келді.

Шоқан мұнда жергілікті тұрғындардың өмірімен танысады. Ғалым Құлжаның әйгілі базарына жиі баратын. Ол жерге адамдар сауда жасау үшін ғана емес, әңгімелесу үшін де жиналатын. Бұл дәстүр жалпы шығыс базарларына тән ерекшелік еді.

Шоқанды Шығыс Түркістанның Қашқар, Яркент және Хотан сияқты қалалары да қызықтыратын. Өзі ол туралы былай деп жазды: «Іленің жергілікті халқын түзем мұсылмандары, қашқарлар мен тараншылар құрайды. Ал қалаларда маньчжур-шенеуніктері мен қытайлар тұрады. Сибо-солонды әскери адамдар құрайды. Сайрамкөл маңында Чахар руынан саналатын қалмақтар, ал Текесте олет тармағының рулары көшіп-қонуда». Уәлиханов жазғандай, ұйғырлар Шыңғыс хан заманында мұсылман еді. Олардың өз жазуы болды. Білімді жұрт есебінде моңғолдар оларға жазу-сызу жұмысын жүргізуді тапсырды.

Зерттеушінің ескертпелері әрдайым дәл. Мысалы, біздің Іле аймағына жасаған сапарымыз кезінде (2012 ж.), біз олардың дүкендерінде сатылып жатқан нандардың аса үлкен емес, бөлке түрінде болатынын, Қазақстан нанынан айырмашылығы бар екенін байқағанбыз. Енді бұл туралы саяхатшының жазғанына зер салайық: «Қытайда нан біздің елдікімен салыстырғанда ағырақ. Олар бидайды түйген кезінде сулайды, шынында да, ұнды мұндай тәсілмен дайындау оған ақ түс береді, піскен нан да қатып қалады».

Келіссөздер сәтті аяқталып, орыс делегациясы жоспарлаған нәтижелеріне қол жеткізді. Уәлихановтың ойында Цин империясы бұл шақта әлсіреп, нақты саяси ұстанымы жоқ деген пікір қалыптасты. Ресей делегациясы Құлжада үш айдай болып, күздің соңында Отанына оралды. Іле аймағына саяхаты кезінде Шоқан «Қытай империясының Батыс өлкесі және «Құлжа қаласы» күнделігін жүргізді. Ол еңбегінің ғылыми өзектілігі күні бүгінге дейін өз құндылығын жоғалтқан жоқ.



Қашқар сапары алдында. Жолда

Шокан Іле өлкесінде және Құлжада болды. Алайда Қашқарға сапар жасау туралы арманы оған бір сәт те тыным бермеді. Міне, ол арманы да орындалып, 1855 жылы Қашқарға сапарға аттанады.

Бұл Қашқардың және ұйғыр халқының тарихында қандай кезең еді?

1759 жылы Қашқарды Цин Қытайы жаулап алды. Азаттықты сүйетін халық ондаған рет отарлауға қарсы көтерілістерге шықты. Әдетте мұндай көтерілістердің басында Қоқан хандығы кезінде үй қамақта (Циндік Қытаймен келісім бойынша) отырған Қашқар билеушілерінің соңғы ұрпақтары - қожалар тұрды. Ең бір әйгілі көтерілістің бірі 1826-1828 жылдары орын алған Жаһангир қожа бастаған көтеріліс болатын. Қарсылық әрекет басып, жаншылды, қанға батырылды. Қолбасшы тұтқындалып, Пекинге жеткізіліп өлім жазасына кесілді.

1857 жылы Жаһангир қожаның ағайындас бауыры – Уәлихан төре бастаған цинға қарсы жаңа көтеріліс тұтанды. Нәтижесінде барлық Қашқар азат етілді. Халықтың тарихында қарама-қайшы рөлге ие Уәлихан төре болды. Бір жағынан ол қысқа мерзімге болса да елдің дербестігін қамтамасыз ете алды, ал екінші жағынан халықтың жадында мемлекеттегі тәртіпті диктаторлық әдіспен орнатқан өктем билеуші ретінде сақталып қалды. Үлкен өкінішке орай, көптеген Шығыс мемлекеттерінің басқарушылары өз иелігіндегі елді басқарудың бұдан өзге жолдарын білмейтін еді.

Алтышаһардағы көтерілістен (ұйғыр жерлері ол жылдары осылай аталатын) Циндық Қытай ғана емес, Ресей империясы да үрейленіп қалды. XVII ғасырдан бастап бұл жерде билік етуге Қытай, Ресей және Ұлыбритания таласып келді. Ресей Қашқарға Англияның ықпалы түсіп кетуінен қорқып, онда шын мәнінде не болып жатқанын білмек болып, тыңшы жіберді. Қашқарға деген қызығушылық немістің географ-ғалымы Адольф Шлагинвейттің өлімінен кейін туындады. Ол, бәлкім, британ арнайы қызметінің агенті болды, солардың қолдауымен Үндістаннан келді. Кейбір тарихшылар мен әдебиетшілер Ресейдің Шлагинвейттің қазасына қайғырды дегеніне сену қиын екенін, бірақ фактілер әлемнің Қашқарға деген қызығушылығы неміс зерттеушісінің өлімінен кейін өсе түскенін айтады.

Ресей Сыртқы істер министрлігі Азия департаментінің директоры Егор Ковалеский Омбы генералы Г.Х.Гасфортқа Шығыс Түркістанға жіберуге болатын бір адамды тауып беру туралы өтініш айтып хат жазады. Әскери министр, сондай-ақ, генералға дүмпу шыққан аймаққа қажетті адамды тауып беруін өтінеді.

1857 жылдың 30 қазан айында Г.Х.Гасфорт әскери министрге: «Бұл тапсырманы орындауды атқаратын шенеунік ретінде менің ерекше бұйрықтарымды іске асыратындардың қатарында тұрған поручик Уәлихановқа тоқтадым. Бұл офицер лайықты қазақ сұлтаны – Шыңғыс Уәлихановтың ұлы, дарын-қабілеті ерекше, оның тындырымдылығына сенуге болады. Оның үстіне, Орта Азия жерлерімен, халықтарының тарихымен жақсы таныс, өзі




мұсылман болған үшін орыс шенеунігіне қарағанда діндестері арасында тезірек сенімге ие болады» деп жазды. Шоқанның Қашқарға баруында үлкен рөл ойнаған П.П.Семёнов-Тянь-Шаньский болғанын атап өткеніміз жөн. Қазақ зерттеушісінің ақылына, білімдарлығына тәнті болып, қайран қалған орыс саяхатшысы ғажайып жас өрен туралы шығыстанушы шенеуніктерге ғана емес, өзі беделді болып табылатын биліктің жоғарғы сатысындағы шенеуніктерге де айтып жүрді. Кейінірек Семёнов Тянь-Шаньский өз естелігінде былай деп жазды: «Әрине, мен генерал Гасфорттың назарын бұл жасөспірімге аударуды өзімнің міндетімдей санадым. Тянь-Шаньға оралған соң Уәлихановты қырғыз киімімен сауда керуеніне қосып Қашқарға іс-сапарға жіберу туралы ой тастадым. Бұл ойымды Уәлиханов сәтті жүзеге асыра білді».

Қашқардағы бас көтерулерді Цин отарлаушылары аяусыз тоқтатты. Мыңдаған көтерілісшілер жазаланды, өлтірілді, Ферғанаға бой тасалады. Көбі Қоқан хандығына жете алмады. Себебі жол бойында тауларда аштық пен суықтан көз жұмды. Төре Қоқан хандығында жасырынып үлгерді.

1858 жылы Уәлихан төренің көтерілісі жеңіліс тапқанын естіген жас офицер Қашқарға жасалатын сапар тоқтатылып тасалады деп уайым шекті. Бірақ стратегиялық маңызы бар жерге деген қызығушылық бәсеңдеген жоқ. Ресей өз адамын Шығыс Түркістанға жіберуге нықтап бекінді әрі ниетті болды.

Біз Шоқан Уәлихановтың кадет кезінде Шығыс Түркістанның тарихы, географиясы, этнографиясымен әуестенгенін жазған едік. Құлжаға сапары кезінде ол ұйғыр тілін меңгере бастайды да, соңынан Қашқарда ол тілді жетік деңгейге біліп алады. Әрине, Қашқарға сапары алдында Шоқан Уәлиханов ол елдегі саяси жағдаймен егжей-тегжейлі танысты. Бірақ барлық шындық пен ақиқатты ахуалы тұрақсыз болып тұрған өлкеге табан тіреген соң барып бір-ақ білді.

Бір айта кетерлігі, құпия экспедицияны дайындаумен генерал Г.Х.Гасфорт және са-



яхатшы П.П.Семёнов Тянь-Шаньский ғана емес, Сібір қазақтарын басқаратын К.К.Чуковский және Алатау қазақтарына басшылық ететін подполковник М.Д.Перемышльский шұғылданды. Экспедицияны әзірлеу барысында жақын көмекшілері касим татары Файзулла Ноғаев және қоқандық азамат, ұзақ жылдар бойы Құлжада тұрған Мұхамед-Жақып-Жанқұлов (Якуп Янкулов) атсалысты. Олар екеуі де осы өлкедегі ахуалдан хабардар болатын. Ал Жанқұлов ұйғыр қалалары - Қашқар мен Ақсуға талай мәрте барған. Бәлкім олар ресейлік барлау қызметімен бірге жұмыс істеген болар. Ф.Ноғаев пен Ж.Жанқұлов экспедиция жоспарын әзірлеуге көмектесіп, Шоқанды Қырғыз тауында күтіп алу туралы уағдаласты. Әрине, қазақ ғалымы үшін ең бастысы Қашқар жеріне барып ол туралы барша әлемге жария ету болатын. Белгілі тарихшы ғалым, академик Ә.Марғұлан былай деп жазды: «...Ғылымға әсте белгісіз көне мәдениеті бар Қашқар елін зерттеу - үлкен қызығушылық туғызды. Ізденімпаз, еңбекқор ғалым Шоқан Уәлиханов үшін бұл қызықтырарлықтай еді».

Жас ғалымға өзінің ақыл-кеңесімен, оқымыстылығымен танымал ірі ғалым-зерттеуші, Орта Азияның терең білгірі П.П.Семёнов-Тянь-Шаньский көмектесті. Шоқан екеуін арада шынайы достық қарым-қатынас байланыстырды. Ресей билігі Қашқарға сауда керуені сияқтанған экспедиция бағдарын мұқият әзірледі. Қоқан билеушісі Құдияр ханның қарамығындағы жер арқылы өту қауіпті болғандықтан саяхатшылар көне шаһарға Ыстықкөл бойымен қырғыз жері арқылы өтті.

Ш.Уәлиханов Қашқарға Қоқан боданында және Маргелан саудагерінің ұлы көпесі Әлімбай Абдиллабаев есімін жабылып аттанды. Ғалым сауда керуеніне 1858 жылдың 28 маусымында Қарамола шатқалында Қапалдағы отыз шақырым жердегі Қарамола түбегінде қосылды.

Ш.Уәлихановтың миссиясына Ресей аса зор мән берді. Сауда керуенінің Қараталға келетін күні саяхатшымен кездесіп, қоштаса әңгімелесуге генерал Гасфорт арнайы келді. Екі тұлға не жөнінде сөйлесті? Бұл туралы Ш.Уәлиханов ешбір еңбегінде жазба қалдырмаған да, айтпаған. Генерал да осы кездесулері туралы тіс жармаған. Бәлкім, офи-

цер жұмбақ пен құпияға толы және қауіпті аймаққа аттанар алдында соңғы нұсқауларды алған болар. Шоқанға ойлап табылған аңыз бойынша көпес Әлімбаев Абдиллабаев (яғни Ш.Уәлиханов) Ташкенттің керуен басы Мұсабай Тоқтабаевтың (өзге дереккөздер бойынша Тахтубаев – Автор.) туысқаны болып табылады. Поручик үстіне шапанын киіп, шашын тақырлап алдырып және дініне берік мұсылман сияқты бес уақыт намаз оқи бастады. Сырттай ол сауда керуенінің өзге көпестерінен ешқандай ерекшеленбеді.

Керуенде 43 адам (өзге мәліметтер бойынша 42 адам, 101 түйе, 65 жылқы, 6 киіз үй, 18300 сомдық тауар болды. Бір күннің ішінде экспедиция 25 шақырым жер жүріп отырды. Тамыз айында экспедиция қырғыздың Бугу руының жеріне жетті. Бір ай бойы көпестер Көкжар, Қарқара және Текесте өмір сүрді. Мұнда қырғыздар Бурумбай манаптың жылдығын беріп жатты. Шоқан Уәлиханов: «Жабайытасты қырғыздардың арасында сауда керуені келгеннен соң, біздің Қашқарға бара жатқанымыз, сондай-ақ арамызда орыс офицері бар деген қауесет тарап кетті» деп жазды. Әрі қарай қазақ ғалымы: «Жабайытасты ордада біз бір айға жуық тұрдық. Солармен бірге көшіп-қонып, сауда-саттығымызды жасадық. 3026 қойды, 6 жылқыны, 11 түрлі, 44 жылбысын терісін айырбастадық».

Белгілі еске алу асына манаптың қырғыз туысқандары ғана емес, сондай-ақ Қашқардан ұйғыр көпестері де келді. Ш.Уәлиханов және Мұсабай олармен жақын танысып көне шаһараға бірге барып қайту жөнінде келісті. Қазақ саяхатшысы күнделігінде: «Қоқандықтар керуен отарына шабуылдап, 300 қойды тартып алды. Қашқарлықтар қолдарына шатырларының үшкір қадаларын алып төбелеске қойып кетті және тез арада қоқандықтардың ол жерді тастай қашуына алып келді».

26 қыркүйек күні Қашқардың 135 шақырым жерде Ш.Уәлиханов өзінің күнделігін мақтадан жасалған биязы матаға орап, жерге көмді. Күнделігіндегі соңғы жазғандары мынау болды: «Асығыспын, күнделік жерге көмілгелі тұр, егер Құдай бізді аман-сау оралтатын болса, ылғал бүлдіріп тастамаса, жарық дүниеге қайта көрсететін боламыз. Сені бір Аллаға тапсырдым. Кездескенше».



Қашқарда

Саяхатшылар Алтышаһарға қарай жүріп кетті. Экспедиция Қашқардың маңындағы Үстүн-Артуш ауылдарына таман жақындап келе жатты. Шоқан Уәлиханов өзінің күнделігінде: «Үстүн-Артын – Артуш және Тойын өзендерінің арасында орын тепкен бірнеше ауылдардың жиынтық атауы. Үстүн-Артушты құрайтын ауылдарда бау-бақшалармен қоршалған 30-дан 50-ге дейін балшықпен сыланған үйлер бар. Жасыл тоғайларға оранған бұл ауылдар шөп өспейтін шөл далада ерекше әсер қалдырады».

1 қазан күні Шоқан Шығыстағы ең бір әйгілі қаланың бірі Қашқарды көрді. Жұмбаққа толы әрі қауіпті шаһардың жеріне ол тебіреніспен қадам жасады. Бұл қаланы көруді көптеген еуропалықтар арман етті. Көптеген ғасырлардың ұзына бойында мұнда кәрі құрлықтың ғалымдары, саяхатшылары келуге талпынды. XIII ғасырдың 70-ші жылдарында бұл жерге алғашқылардың бірі болып генуялық Марко Поло келіп кетті. Ол ескі шаһар туралы тамсана: «Бұл жердің халқы – мұсылмандар. Мұнда қалалар, қалашықтар көп. Қашқар – ең үлкен және ең белгілі қала. Ел солтүстік-шығыспен шығысқа қарай

созылып жатыр, халқы сауда саттықпен, қолөнермен айналысады, оларда керемет бақшалар, жүзім баулары және даңқты жерлер бар. Қыруар мақта өседі. Көп көпестер бұл жерден бүкіл әлемге сауда жасауға аттанады. Мұнда несториандар өмір сүреді, олардың өз шіркеулері мен заңдары бар. Халқы ерекше тілді сөйлейді. Бұл аймақ бес күндік жолға созылып жатыр» деп тамсана жазды.

Әрине, қазақ ғалымы ұлы италияндық саяхатшы Марко Полоның «Әлемнің әртүрлілігі туралы» деген кітабымен таныс болды және Алтышаһарға жүрердің алдында бірнеше мәрте оқыды. Ал енді 1858 жылдағы Қашқарға оралайық.

Қашқар жұртшылығы алдамшы көпес Әлімбаидың «аңызына» сеніп қалды. Мұнда тұрған «туыстары» зерттеушіні құшақ жая қарсы алды. Уақытын жақсы өткізуі үшін барлық жағдайды жасады. Шоқан өзінің «туыстарында» және олардың достарының үйінде қонақты жиі болды.

Көпестер алғашқы күндері-ақ өздерінің тауарларын пайдаға асыра сатты, өздері Устэн-буи және Джан-куге көшелерін-

де тұрып жатты. Қазақ зерттеушісі: «Керуеніміздің сауда-саттық шаралары бұл қалада қанағаттарлық сипатқа ие болды. Керуен басының маған айтқан есеп-шоты бойынша, керуен жабдықталған кезде 19 мың сомды (күмісімен) құрайтын тауар болғаны көрініп тұрды. Үлкен Қырғыз және жабайы тасты ордада 3026 қойға (бұған екі жасар қойларды қосқанда) бағаланған тауарлар сатылды. Бұл қойлар және қалған тауарлар Қашқарда 4.068,5 қоқан алтынына сатылды. Біздің тауарларымыздың тез арада және алтын мен күміске сатылуын өте тамаша оқиғаға балауымыз керек» деп жазды.

Ол жылдар қоқандықтар Қашқарда ерекше мәртебе ие болған еді. Қоқан хандығында бақылауда, нақтырақ айтқанда – үй қамағында елдің бұрынғы билеушілері, Қашқар қожалары отырған болатын. Кейде қоқан билігі оларды өз мақсаттарында пайдаланбақ болды. Цин билігінде Қоқан арасында келісім болды. Ортаазиялық хандық өз қарауында Қашқардың ерекше ықпалды және танымал қожаларын ұстап отырғаны үшін Қоқан Алтышаһардың сыртқы сауда-саттығын өз бақылауына алды. Ал Қашқарда сауда істерін жүргізіп, алым-салық жинаумен айналысатын консул, Қоқан өкілі болды. Шоқанның Алтышаһарда болған кезінде Қоқан өкілі (Қашқарда оларды ақсақалдар деп атады) На-



среддин, содан кейін Нұрмағамбет датқа болды. Саяхатшымен олардың арасында ізгі қарым-қатынас орнап, олар Шоқанды өз қорғауына алды. Бұл Шоқанның оның алдында тұрған өз мақсаттарын жүзеге асыруға көп пайдасын тигізді.

Бұл көне шаһарға Ш.Уәлиханов үйренісіп қалды және мұнда үйленіп те үлгерді. Ол былай деп жазды: «Қашқарға және жалпы алты қалада бір салт бар. Ол салт бойынша, мұнда келген барлық шетелдіктер осында болған уақыттарында үйленулері тиіс екен. Жалпы тәртіптің шеңберінен шықпас үшін және таныстардың талап етуімен біз осы салтқа бағынуға тиіс болдық». Бәлкім, бұл әйел 23 жасар жиһангердің өмірінде маңызды рөл атқарған да шығар, өйткені ол онымен бес айға жуық бірге өмір сүрді ғой. Шоқан ол туралы ешқашан жазған жоқ, бірақ көне Қашқарды сағынып жүрді. Мүмкін, бұл сағыныш ғажайып қалаға ғана қатысты болмаған шығар, сонымен бірге қашқар сұлуына да байланысты болды ма екен (Үрімшіде біз жергілікті қазақ ғалымынан өте қызықты әңгіме естідік. Ол бізге он жыл бұрын Қазақстан Республикасының Үрімшідегі консулдығына бір ер адамның Қашқардан ертіп келген әдемі ұйғыр қызын көргенін айтты. Қашқарлық азамат, ол қыздың қазақ ғалымының шөбересі екенін айтты. Бұған сену қиын және дәлелдеу одан да қиын. Ал бірақ ол сұлу қыз шынымен де Шоқанның шөбересі шығар?)

Алайда бұл ғалымның Қашқардағы ішкі бейнесі болатын. Ең бастысы ол ұйғырдың ежелгі астанасымен танысуды бастады. Әрине, біріншіден, бұл тамаша қаланың сәулетті және тарихи ескерткіштерімен танысты. Бұл ескерткіштер оның Ресейде көрген ескерткіштеріне мүлде ұқсамайтын болып шықты. Шоқан мұқият зерделеуі тиіс байырғы шығыс қаласына, ерекше әлемге түсіп кетеді. Саяхатшы Қашқар билеушілері жерленген атақты Әппақ-қожа кесенесіне кіреді. Зерттеуші бұл туралы «Әппақ қожа кесенесі Қашқар аймағындағы ең жақсы ғимарат, қаладан солтүстік шығысқа қарай алты шақы-



рым жерде Түмен өзенінің оң жағалауында орналасқан» деп жазды. Қашқарға жасаған сапарымызда біз бұл кесенеде бірнеше рет болдық. Егер де бұрын мазар ескі Қашқар қабырғаларының арғы жағында болса, ал қазір қаланың құрамына кіреді.

Кесене бұл Әппақ-қожа мазарынан, Джама мешіті мен әйгілі медреседен тұратын біртұтас кешен. Кешеннің барлық көрінісі қашқарлық шеберлердің қолымен салынған ұйғыр сәулет өнерінің ғажайып үлгісі.

Әппақ-қожа мазары – әсемдігімен және таңғажайыптығымен тамсандыратын монументалды ғимарат.

Мазардың ортасында – үлкен күмбез, бұрыштарында жасыл және көк түстерден тұратын әдемі оюлармен өрнектелген төрт мұнара бар. Мұнараның үстінде жарты ай бейнесі алтын тәрізді жарқырайды. Мазардың ішінде біз аққа көк оюлар өрнектелген керамикалық плиткалармен қаптала биіктетілген алаңшаны көрдік. Бұл алаңшада жетпіс екі адам арулап көмілген. Бұл - Әппақ-қожаның өзі, оның жақын туыстары, арасында ұйғыр халқының батыры Ипархан, Қашқар билеушілерінің бес ұрпағы жерленген. Ипарханның моласы алқызыл жібекпен көмкерілген.

Мазардың қасында көне медресе бар, онда көптеген белгілі ақындар, ғалымдар, діндарлар оқыған. Кесененің аумағында аса үлкен емес жасанды көл бар, оның мөлдір суын Джама мешітіне келушілер қолданған. Әлбетте, Алтышаһарда болған кезінде қазақ ғалымы мұнда талай мәрте болған. Джама мешітінде бес уақыт намазын оқып, аңызға айналған түп-тұнық көлден су ішкен.

Саяхатшы-ғалым былай дейді: «Ескі қала жоғары жарда орналасқан, ал жаңасы төмендеу орынды алып жатыр. Қаланың орталығын Айтқа сауда алаңы иеленген (Күмбезді мешіттің алаңы). Ескі қала Шарсу және Амбаршы болып екіге, ал жаңа қала: Ұрдаалды, Үстенби, Домалақ шаһар мен Әнжан құша болып төртке бөлінген».

Уәлиханов тамашалаған Қайтақ мешіті (Шоқанда – Айтға – Авторлар.) - бұл ұйғырлардың ұлттық тұрғыда аса құрметтейтін жері, оны он бесінші ғасырда қашқарлық талантты шеберлер салған.

Іле аймағындағы Тамғалы – Тас бейнесі



Әдемі мұнаралар өзінің сән-салтанатымен таңқалдырып, қақпалар көнелігімен қайран қалдырады. Арабтың өрме жазуымен жазылған ұйғыр жазуы ап-айқын көрініп тұр. Қашқарлықтардың ондаған ұрпақтары мен ежелгі ұйғыр астанасының қонақтары бұл қақпаға кіріп мұндағы көне қамалды көрді. Олардың арасында, әрине, қазақ ғалымы да болды.

Шоқан Уәлиханов кезінде бұл қандай қала болды? Ескі Қашқар - екімыңжылдық тарихы бар шаһар. Өкініштісі, оның өткен уақыттардан бері көп бөлігі қирағандықтан сақталмай қалған. Қаланың тек біраз ғана бөлігі сақталған. Шоқан саяхат жасаған кезде қала өзінің қайталанбас тамаша келбеті мен ажарын әлі жоғалтпаған еді. Ол кезде бұл қалада қолөнер шеберлері тұратын тар және қисық көшелерді, бір және кейде екі-үш кабатты үйлерді көруге болушы еді. Ескі Қашқардың өмірі қайнап, қолөнершілер жұмысы, саудагерлердің саудасы қызып жататын. Ғалым сан қилы зергерлік бұйымдарды, ағаш пен сүйектен, асқабақтан жасалған көрікті де көркем заттардың қалай жасалып, сатылып жататын түрлі шеберханаларын аралайды. Әрине, зерттеуші көзешілерге де кірді. Олар ыдыс-аяқ жасап жатқан кезде жұмыстарына ұзақ уақыт қараумен болды.

Шоқан Қашқарға келіп тұрып қазір қала құрамына қосылып кеткен Артуш елдімекенінде болмауы мүмкін емес еді. Саяхатшы: «Астыңғы Артуш (Төменгі Артуш), басқаша айтқанда Алтын-Артуш Қашқардан солтүстік-шығысқа қарай 60 шақырым қашықтықта орналасқан, Сутук Боғрахан қазы зиратында салынған моласы және мешітімен тартымды» деп атап өтеді.

Сұлтан Сатук Боғраханнның кесенесі (Уәлихановта – Сутук Боғрахан қазы. – Авторлар) – Қашқардағы 956 жылы салынған ең мағыналы құрылыс нысанының бірі. Сатук Боғрахан Қарахан мемлекетінің қағаны болған, 920 жылы ислам дінін қабылдаған. Ислам бірте-бірте елдегі үстем дінге айналды, ал 960 жылы ол Қарахан қағанатындағы мемлекеттік дін болып бекітілді. Мазардың жанында таңқалдырарлық мешіт орналасқан, ол сөзсіз Қашқардағы ең әдемі





культті орындардың бірі болып табылады.

Белгілісі: Шоқан өткен шақтарда әкімшілік орталық қызметін атқарып тұрған Жанғысарда да болды. Бұл қалада ғалым көне Дарбаз Алды мешітіне барды. Бірегей мешіт осы күнге дейін сақталып жеткен. Біз оны көріп, мәдени-жәдігерлік құрылыс нысанының әдемілігіне сүйсінген едік.

Қазақ ғалымының табаны тигеннен кейінгі 156 жылдан соң біз де бұл ауылды көрдік. Ол бізді өзінің тазалығымен және көркімен тамсандырды. Орталық көшелердің бірінде жолдың екі жағын ала жүзім бағы жайқалып тұрды, оның өскіндері жартылай шатырға айналып, жазды күнгі аптап ыстықтан қорғап тұрады екен. Бұл жүзім бағы бірнеше шақырымға созылып жатты.

Мұнда бау-бақшалар өте көп, жаңғақтардың, жер жаңғақтардың, алма мен алмұрттардың әртүрлі сұрыптарын кездестіруге болады. Біз өсіп тұрған аса үлкен өріктің қасынан жай ғана өте алмадық: оның жемісінен дәм таттық, ол өте тәтті болып шықты. Дәнегін лақтырмай, отанымызға, Қазақстанға барған кезімізде егіп, Шоқан Уәлиханов музейін сақтаушыларға да қазақ халқының әйгілі ұлы жерленген зираттың маңына егу үшін береміз деп шештік.

Шоқан соның бейнесінде Қашқарда өмір сүрген Әлімбай көпес өз уақытының көп бөлігін базарда өткізуі тиіс болатын. Қашқар базары – бұл адамдардың тек сауда-саттық жасаумен ғана айналысып қоймай, сонымен қатар әңгімелесіп, жаңалықтар сұрасысып,

халық арасындағы өсек-аяндарды талқылайтын, таңғы астарын ішіп, түстеніп жататын ерекше әлем. Базарда қолөнер шебелері жұмыс істеді, олармен қазақ ғалымы әңгімелесуді жақсы көрді. Шоқанға мешіт пен медреседе болған ұнайтын, онда ол дін қызметкерлерімен сағаттап сөйлесетін. Дәл осы жерде «Тазкирян Султан Сутук Бугра-хан» (История Сатука Бограхана), «Тазкирян Туглук – Тимурхан» (История Туглук Тимура), «Тазкирян Ходжаган» (История ходжей), «Абу Муслим Маурузидің» сирек қолжазбаларын алады.

Зерттеуші ескі тиындарды, тау тастарын, көне грамоталарды, қолданбалы және декоративті өнер туындыларын, көркемдік керамикалық жұмыстардың үлгілерінің жиынтығын жинап алды. Оның ғылыми еңбектерін, күнделіктерін оқып отырған кезінде қазақ ғалымы қызығушылық танытқан мәселелердің ауқымдылығына таң-тамаша боласың. Ол еңбектерден біз Қашқардың тарихы, географиясы, экономикасы, этнографиясы мен саяси өмірі туралы көп мағлұмат пен деректер білеміз.

Алтышаһарда болған уақыт аралығында Шоқан Уәлиханов жергілікті тұрғындарды жақсы көріп үлгереді. Ол былай деп жазады: «Қашқарлықтар мейірбан, тіл табысуға жеңіл, жайдарлы, еңбекқор және өте сыпайы мінезді. Барлық таптар тақуалы түрде сыпайлық әдебін сақтайды. Барлығы да сыпайыгершіліктің жөн-жосығын біліп, сақтауға міндетті».



Саяхатшыға қашқарлықтардың музыкаға өте бейім екені ұнады. «Музыкаға қатысты айтар болсам, ол барлық ортазиялықтарда мәртебеге ие. Барлық мереке-мейрамдарда көңілді және лирикалық әуендерді тыңдауға болатын. Қашқарда әйел адамдар жүздерін ашық ұстайды, ерлерімен бірге қонақтарын қуанышты күйде қарсы алады» деп жазды. Ұйғыр әйелдерінің көбісі ұйғыр тарихында үлкен рөл атқарды.

Қазақ ғалымы алғашқылардың бірі болып ұйғырлардың этнографиялық тобын атап өтті. Ш. Уәлиханов: «Мен өзімнің Қашқарда болған кезімде Қашқар халқы сөйлейтін ұйғыр тілін үйреніп алуға тырыстым» деп атап өткен.

Шоқанның пайымдауынша, елдің сол кездегі ең дұрыс атауы – Шығыс Түркістан болды. Өлкені бағындырудағы аяусыз әдістер туралы және көптеген баскөтерулерді жаныштау жөнінде әңгімелегенде қазақ зерттеушісінің қызығушылығы ұйғырлар жағында болғанын сенімде түрде айта аламыз. Ғалым: «Әрбір толқудан кейін (цин отарлаушылары – Авт.), олар шабынып кетеді, тонайды, әйелдерді зорлайды, мешіттерді талқандап дәруіштер мен кедей адамдарды басқа адамдарға үрей туғызу үшін өлім жазасына кеседі» деп жаза отырып әрі қарай: «Қытайлықтар аттарынан түспегендердің бәрін ұрып-соғады, тартып алады, ләпкелердегі тауарларды тегін алып, мейрамханаларда пұлсыз тамақтанады» дейді.

Оның еңбектерінде көптеген қызғылықты деректер баршылық. Атап айтқанда, 1765 жылы Үштүрпан қаласында болған толқуды басып-жаншуда оның барлық тұрғындары қырғынға ұшырады. Қазақ зерттеушісі бұл жөнінде: «Түркістандықтар қытайлықтарды жек көреді, бірақ бұл олардың өркениетінен алмасуға кедергі келтірмейді. Қорытынды сөзімізде біз қашқарлықтарды өзге мұсылмандардан бөлектейтін ең бір тамаша ерекшелігін айтпақпыз, - бұл патриотизм, сондай-ақ черногогориялықтар мен көктөбеліктердің саяси партиялары» деп жазды.

Талантты суретші Шоқан Уәлиханов көптеген суреттер салды, ол суреттерден біз Алтышаһардың ерлері мен әйелдерін, балаларын, осы өлкенің елдімекендерін көреміз. Бұл туындылар – бағасыз, өйткені онда ХІХ ғасырдағы ұйғырлардың және олардың тұрмыс-тіршіліктері бейнеленген. Өзінің суреттерін қауырсын және қылқаламмен, кейде қарандашпен салатын. Қызықты суреттері: «Қашқар», «Ұйғыр мен ұйғыр әйелінің басы», «Әйелдердің бас киімдері мен шаш үлгілері», «Ерлер бет-бейнелерінің түрлері», «Қала қақпалары» деп аталды.

Қазақ ғалымының Қашқардағы өмірі қауіпті бола бастады. Біріншіден, Уәлихан төренің көне шаһарға оралуы мүмкін деген әңгімелер үдей түсті. Бірақ ең бастысы – Қашқарда «ресей тыңшысы жүр» деген сөз ашық айтыла бастады. Тексерулер жүргізу қолға алынды. Шоқан бұл туралы былай деп ой толғайды: «Қашқардағы уақытымды созыруға мүмкіндік болмады: керуенмен бірге орыс агентінің келгені туралы қауесет қала жұртшылығын қатты мазасыздандырып, келушілер мұқият бақылауға алынды».

Оралу

1859 жылдың 11 наурызында Шығыс Түркістанда бес ай шамасында болып, қазақ ғалымы Қашқармен қош айтысты. Экспедиция өзінің келген жолымен емес, Тойын өзенінің бойымен қайтты.

Шоқанға 26 қыркүйекте барар жолда Теректі шыңына көміп кеткен өзінің жеке құнды жазбалары мен көрген-білгендерінің, көңілге түйгендерінің, көрген әсерлерінің мәңжайы әңгімеленген күнделігін қазып алу үшін керуенді уақытша білдірмей тастап кетуге тура келді. Саяхатшылар Тойын өзенінің аңғарымен үш күн бойы көтерілді. Шатқалда ауа райы өте суық болды және үнемі ызғарлы жел соғып тұрды. Дәл осы жерде, бәлкім, Шоқан өкпесіне салқын тигізіп алып, қатты ауырып қалған болар.

18 наурыз күні экспедиция Шатыркөлдің алабына жетті, суы қатқан көлдің мұзды жолымен жүріп өтіп Тас-Рабат жаққа қарай жол тартты.

Біз де, Қазақстан ұлттық географиялық қоғамының заманауи экспедициясы 2014 жылдың тамыз айында Қашқардан қайтып келе жатқанымызда Тас-Рабатқа соқтық. XV ғасырда, басқа деректер бойынша X-XII ғ. салынған Тас-Рабат бізді өзінің қатаң әдемілігімен таңқалдырды. Ол Қара-Қойын өзеніне барып құятын кішкентай ирелең өзеннің жағасында теңіз деңгейінен 3500 биіктікте орналасқан. Бұл ғимараттың ұзындығы 35,7 метр, ені – 33,7 метр. Тас-Рабат өрісті күмбезбен жабылған. Орталық қасбет тасты ауланың шығыс жақ бөлігінде орын тепкен.

Бұл мығым арқасы және бетше босағасы бар биік тасты дуалды жан-жағынан мұнаралар қоршап тұр. Тас-Рабат таудың астында соғылған. Тасты сарай таулардың жалғасындай болып оның бөлінбес бөлшегіне айналғандай әсер қалдырады. Ғимараттың ішінде қақпадан үлкен залға қарай кең дәліз, айналасында шағын бөлмелер бар. Үй-жайдың едендері дәліздің едендеріне қарағанда төмендеу. Жалпы, барлық бөлмелерде әйнек жоқ десек те болады, сондықтан да сарайдың іші алакөлеңке, бұлыңғырланып тұрады. Тек күмбезде ғана және кейбір бөлмелерде түндік-әйнек бар, содан ішке таза ауа мен жарық түсіп тұрады, от жағылған кезде түтіні сыртқа шығады.

Ғимараттың ішінде құдық пен зындан (жерасты түрмесі) бар.

...Ал енді 1859 жылға қайта оралайық. Сонымен, керуен қырғыз руы шеріктің әскерлері шабуылдай ма деген үреймен Нарын өзенінің аңғарына қарай тартылған жолмен жүріп келе жатты. Жиһангерлер Күртік бекінісі орналасқан Нарын өзенінің оң жақ бекінісіне келіп жетті. Бұл елдімекенде саудагерлердің тауарларын тексеріп, алым-салық алады. Керуен Нарын бойындағы ұзын жол арқылы қырғыздың сарыбағыс руының Түрегелді деген – осы жердегі кеденшінің ауылына тұяқ іліктірді. Кенет бұл жерде Шоқан өлімдей үрейлі қауіппен ұшырасты. Қырғыздардың біреуі Шоқанды нұсқап, оның орыс офицері екенін және бұрын Верный қаласында көргенін айтты.

Рудың ақсақалы Шоқанға доңайбат көрсеткендей сөйлеп, оны қоқан билігіне патшаның тыңшысы ретінде ұстап беретінін, ал олар өз кезегінде оның басын алатынын айтты. Бірақ, Шоқанның бақытына орай мұнда орыс билігі жіберген казак отрядтары келе қалды. Орыс билігі экспедицияның маңыздылығын түсініп әскер жіберген болатын. Бойын үрей билеген Төрегелді керуенді босатып жіберіп, Шоқан мен Мұсабайға бір-бір ат сыйлады.

12 сәуір күні зерттеуші сауда керуенімен Верный бекінісіне жетті. Экспедиция жалпы тоғыз ай он төрт күнге жалғасты. Бұл саяхатшы, зерттеуші Шоқан Уәлихановтың ерен ерлігі болды.

Шоқан Уәлихановтың миссиясы үлкен сәттілікпен орындалды, бірақ денсаулығына ауыр залалын тигізді. Ол Омбыға емделуге келеді де, сонымен бірге Қашқар сапары туралы жазбаларын дайындауға отырады.

Шоқан Уәлиханов экспедициясының негізгі нәтижесі оның «Алтышаһардың жағдайы туралы...» атты бірегей зерттеушілік еңбегі болды. Бұл Қашқарға арналған бірінші ғылыми туынды еді.

1860 жылдың қаңтар айында ғалым Петербургке келіп, Александр II императордың құрметті қабылдауында болады. Әулие Владимирдің 4-дәрежелі орденімен марапатталады, штаб-ротмистрлікке алынады. Қомақты ақшалай сыйлыққа ие болып, Ресей Сыртқы істер министрлігі Азия департаментіне қызметке тағайындалады.

Оның «Алтышаһардың жағдайы туралы...» есебі қысқаша орыс тілінде, сондай кейін көп ұзамай ағылшын, неміс, француз тілдерінде жарық көреді. Сапарнама жазбасының толық нұсқасы құпия ұсталып, тек 1904 жылы жарияланады. Бұл кітаптың басылып шығуы Шоқанды өз уақытының ең танымал қазақтарының бірі және шығыстанушысына айналдырады. Шоқан Уәлиханов өмірінің соңына дейін Қашқарға оралуды, сол қалада

Ресей консулы болып жұмыс жасауды армандайды, бірақ тағдыр оған жазбады...Қайтыс боларының алдында, 1864-1865 жылы ол Қашқардағы және Іле аймағындағы жаңа көтерілістерді мұқият қадағалайды, бұл туралы оның генерал Г.А.Колпоковскийге жазған хаты дәлел бола алады.

...Осылайша, Ш.Уәлихановтың Қашқарға жасаған ғылыми экспедициясының ұйымдастырылғанына да 156 жыл өтті. Осы жылдар аралығында көп нәрсе өзгерді, бірақ тамаша ғалым және саяхаттанушының еңбектері маңызы мен өзектілігін жоғалтқан емес. Ол еңбектерге Орталық Азия мемлекеттерінің тарихы мен заманауи жағдайы қызықтыратын зерттеушілер әлі талай оралары сөзсіз.

Біз болсақ, оқырман қауым назарына 2014 жылдың шілде-тамыз айларында ұлы жерлесіміз Ш.Уәлихановтың керуен жолымен жүрілген және Қазақстанның ұлттық географиялық қоғамы ұйымдастырған саяхатымыз кезінде Шығыс Түркістан экспедициясынан жазылған шығармашылық және деректі есебімізді ұсынамыз.



Төлім II.

Шоқан Уәлихановтың
керуен жолымен

Үрімші

Бұл қалаға біздің келуіміз екінші рет. Келген сайын әрдайым қаланың тыныс-тіршілігін аса жоғары қызығушылықпен тамашалайымыз. 2012 жылдың маусым айында біз қаланың жалпы көрінісін автобус терезесінен бақылаған болсақ, осы жолы ұшақ әйнегінен зер салдық.

Бізді қала алып жатқан 1,6 квадрат шақырым аумағының үлкендігі таңқалдырады. Үрімшіні үш жағынан Шығыс Тянь-Шань таулары қоршап жатыр. Шығысында заңғар тау Боғданың қарлы шыңдары жарқырайды. Оның биіктігі 5400 метрге дейін жетеді. Ұшақ Үрімші әуежайына келіп қонды. Бұл заманауи әуежай Азиядағы ең бір ірі әуежай болып саналады, бұл жерден ұшақтар Еуропаға, Азия және Қытайдың ішкі рейстеріне қатынайды.

Біз, Қазақстаннан барған он адам – ғалымдар, педагогтар, журналистер, бұл аймаққа ұлы қазақ ғалымы Шоқан Уәлихановтың жүріп өткен керуен экспедициясының жолымен саяхаттау үшін табан тіредік. Біздің алдымызда екі мақсат тұрды: қазақ зерттеушісінің бағдарын қайталап өту; орталық-азиялық аймаққа (Қазақстан, Орталық Азия, ШУАР, ҚХР) әлем туристерінің назарын аударту.

Ал енді өз жолымызда біз ШУАР ҚХР-дың әкімшілік орталығы Үрімшіге тоқтадық. Сапарымыздың алғашқы күні біз ШУАР ҚХР-дің туризм істері бойынша Министрлігінде қабылдауда болдық, онда дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Біз көне қалалардың, аймақтың табиғи ескерткіштері бойынша қызықты турларды біріктіретін өзіміздің туристік бағдарымыздың жоспары «Орталық Азияның алтын сақинасы» туралы әңгімелеп бердік.

Министерліктің департамент директоры Суй Сяо Чуан біздің жобамызды қолдап «Егер де «Орталық Азияның алтын сақинасы» құрылса, бұл Еуропа, Азия, Америкадан келетін туристер легінің артуына алып келеді. Бұл бағдарларыңыз теңдесі жоқ бірегей және қызықты болмақ» деп атап өтті. Біз үлкен қала Үрімшімен таныстық. Ерекше есте қалғаны Шыңжаң-Ұйғыр Автономиялық ауданының Сайбаға ауданында орналасқан мұражайға баруымыз. Біз музейді ұзақ аралап, біздің дәуірімізден III мың жыл бұрын болған экспонаттар жанына, тарихи ескерткіштерге тоқтап тамашаладық. Адамдар 1,5 мың жыл бұрын қоректенген тағамның құрғақ күйінде сақталған түрін көрдік. Ұлы Жібек жолына және жібектің тарихына арналған стендтердің жанында аялдап, қызыға қарадық. Ал бізді ең ерекше қайран қалдырғаны Такла-Макан шөліндегі қазба жұмыстары кезінде табылған мумиялар болды.

Үрімшіде бізді Адай есімді профессор қарсы алып, экспедициямыздың ілгері жүруін ұйымдастыруға көмектесті. Ол ШУАР-да туып өскен қазақ, білімді өзінің туған қаласында және Пекинде алған. Ана тілінде ғана емес, сонымен бірге ұйғыр және қытай тілдерінде еркін сөйлейді. Профессор – географияның білікті маманы, туған өлкесіндегі туристік жол бағдарларын құрушылардың бірі. Біз ол кісімен бірден тіл табысып кеттік. Қашқарға экспедиция барысында бізді жас әріптесіміз және Адайдың жерлесі Нұрбек алып жүрді. Нұрбек ШУАР-дағы турларды ұйымдастырумен айналысатын туристік фирмада жұмыс




істейді. Оның жасы отызда, бірақ ол өз жасынан әлдеқайда жас көрінеді, бейне бір әлі бала сияқты. Бұл қарапайым жас азамат бес тілді жетік меңгерген: қазақ, ұйғыр, қытай, ағылшын және орыс тілдері. Туған өлкесін де жақсы біледі. Саяхатымыздың барысында біз оған өзіміздің туған ұлымыздай етене болдық. Әсем өлкені біздің сапарымызды ұйымдастырған туристік фирманың шағын автобусымен араладық. Автобуста кондиционер, тоназытқыш болғандықтан экспедицияға жасалған жағдай жаман болған жоқ.



Ұлы Тұрпан

Бұл ұлы және өкінішке орай, бізде, Қазақстанда белгісіздеу қала туралы бұрын да естіген емеспіз. 2012 жылы бізге Тұрпанда болу, кейінірек ол туралы жазудың сәті түсті. Мектепте Афины, Спартак, Рим, Александрия, Мемфис немесе Константинопольді зерттейтініміз, бірақ өзімізбен қатар тұрған Тұрпан туралы ештеңе дерлік білмейтініміз таңданарлық. Ұлы Жібек жолында маңызды рөл атқарған бұл қала туралы тарихи әдебиет бұдан төрт мың жыл бұрынғы уақытты еске салады. Тұрпанда көптеген тарихи және сәулет өнерінің ескерткіштері сақталған. «Тұрпантану» ғылымы бар, ол осы өлкенің тарихын, әдебиеті мен мәдениетін зерделейді.

Жар елді мекенінде өте жақсы сақталған кәріздер бар, қазір бұл жерде мұражай орналасқан, онда олардың қалай салынғаны және қалай пайдаланылғаны көрнекті түрде көрсетілген. Бұдан екі мың жыл бұрын ежелгі тұрпандықтар кәріздердің арқасында тұрып, таңғаларлық қала мен мемлекет құрды. Жерасты арналарының арқасында Тұрпан осы уақытқа дейін гүлденген өлке болып қалып отыр. Бірнеше мың жыл өтті, бірақ адамдар бұл шөлді жерлерді суландыру үшін бұдан жақсы ештеңе ойлап тапқан жоқ. Мұнда ыстыққа шыдау қиын, өзендер жоқ, жауын мүлдем жоққа тән, су мұндай жоғары температура мен күшті желдер кезінде әр сәтте буланып кетеді. Алайда ежелгі тұрпандықтар Тянь-Шань тауларында еритін қардың, мұздықтардың, бұлақтардың бар екендігін байқады. Олар бұл суларды адамдардың игілігі үшін пайдалануды үйренді. Тау етектерінде олар тік құдықтар, одан кейін горизонталь жерасты арналарын қаза бастады. Құдықтар-



дың суы жерасты арналарына келіп түсті, жер астынан ағып шығып, кейде шағын су айдындарын түзді. Жерасты арнасының биіктігі – екі метрдей. Тұрпан шұратындағы кәріздердің жалпы ұзындығы бес мың километрге дейін жетеді. Тік құдықтардың саны бірнеше ондыққа, кейде үш жүзге дейін жетті және де бұлардың бәрі жерасты арналарына біріктірілді. Су әрбір жүзім сабағына, ағашқа, егін далаларына келіп жетті, оны жергілікті тұрғындар ішті. Бұл гүлденген өлкедегі көптеген жерлерден жерасты арналарына кіретін жерлерді көруге болады.

Аңызак ыстық, ауа температурасы 50-60 градусқа және одан жоғары көтерілген кездер болады. Бұл жерасты құрылыстары табиғи кондиционерлер болып табылады.

Біз ежелгі тұрпандық инженерлердің шеберлігіне ғана емес, сондай-ақ халқының еңбексүйгіштігіне де қайран қалдық. Өйткені бұл орасан, зор жұмыс қолмен жүргізіледі. Барлықтарыңыз кәдімгі құдықтан су толған шелектің қалай тартып шығарылатынын көрген боларсыздар? Ежелгі құрылысшылар кәріздер жасаған кезде жерасты арнасынан топырақты осылай тартып шығарды. Олар кейде үй жануарларын пайдаланды, бірақ топырақты қолмен сарқуға тура келді. Ежелгі тұрпандықтардың ше-





берлігі мен еңбексүйгіштігі шөл далада суландыру жүйесінің кереметін – Тұрпан шұратын жасағанын тағы да бір атап өткіміз келеді.

Қайран қалған біз жерасты құрылысынан шықтық және кәріздердің құрылысшыларына арналған ескерткішті көрдік: шаршаған ер адам демалуға отырған, ал жанындағы шал құдықтан топырақ салынған шелекті арқанмен тартып тұр.

Міне, осы құрылысшыларға тұрпандықтар өзінің гүлденуімен қарыздар Ұлы Тұрпан кәріздері сөз жоқ, дүние кереметтерінің бірі, оны бүкіл

дүниежүзінде мойындайды, Қытайда оларды Ұлы Қытай қорғанымен салыстырады.

Біз кәріздердің біреуіне кірдік және ол жерде мұздай сумен шөлімізді қандырдық.

Ескі Тұрпанның көшелерімен, жүзімдіктерімен жүріп өттік, көлеңкедегі отырғыштарда отырып, жасыл қала мен оның жарқын жүзді тұрғындарына сүйсіне қарап отырдық.

Тұрпан жазығы – бұл бүкіл дүниежүзінің археологтары үшін Клондайк. Олар бұл жерден екі жүзден астам ежелгі қалашықтарды, қырық мыңдай тарихи-мәдени аса сирек кездесетін заттарды, ұйғыр жазуын қосқанда әртүрлі жазулар берілген әдебиет ескерткіштерін, құжаттарын тапты. Нақ осы Ежелгі Тұрпан өзіне Ежелгі Грекия, Рим, Персия, Арабия, Үндістан мен Қытайлардың мәдени дәстүрлерін дарытты. Бұл өлкеде болып және Тұрпанды көрмеу – бұл түркі халықтарының, Орталық Азияның тарихында маңызды рөл атқарған бұл елді түсінбеуді, сезінбеуді білдіреді.

Әрине, бұл қаланы көруді Шоқан Уәлиханов та армандаған, бірақ күрделі саяси жағдайға, Тұрпанның алыстығына байланысты мұны іске асырудың сәті түспеген. Бірақ қазақ ғалымы бұл жерде болған адамдардың сөздерінен жазылып алынған, қала туралы қызықты мәліметтер қалдырды. Шоқан Уәлиханов: «Тұрпан Әмин қожаның мұрагер бектерінің болған жері. Тұрпан керемет дәмі бар жүзімімен және мақталық қағаздың мол өсуімен әйгілі» деп жазды.

Тұрпанға таяу жерде от шашқан әйгілі Ялқунтаг (Жалқын тау) орналасқан. Таулар ойыста орналасқан және жүздеген шақырымға созылып жатыр,





ал олардың биіктігі 400-500 метрден аспайды. Бұл таулар қызыл құмдауыттан қалыпта-
сқан және шыжыған күннің астында жанып жатқандай болып көрінеді.

Ялқунтағ Ұлы Жібек жолында орналасқан және өткен заманда онда көптеген саяхат-
шылар, ғалымдар болды. Олар бұл әдемі тауларды сипаттап жазды. Қазіргі кезде Ялқун-
тағ өлкенің танымал туристік объектілерінің бірі. Мұнда көптеген мемлекеттерден қо-
нақтар келеді. Орта ғасырларда бұл жерде буддалық монастырьлар орналасты.

Ялқунтағ – дүниежүзіндегі ең аптап ыстық жерлердің бірі. Ауа температурасы 70 және
одан жоғары градусқа дейін жетеді. Туристік объектінің орталығында орасан үлкен тер-
мометр орналасқан. Ол біз келген күні температураның 65 градус ыстық болғандығын
көрсетіп тұрды. Тура түсетін шыжғыратын күн сәулелерімен тауық жұмыртқасын пісіру-
ге болады. Біз осындай әдіспен шыны сыйымдылықта пісірілген жұмыртқаның дәмін
татып көрдік. Ол дәмді және жақсы піскен екен. Жалын таулардан батысқа қарай әй-
гілі жүзім жазығы орналасқан. Әрине, біз жанынан өтіп кете алмадық. Жазықтың ұзын-
дығы 8 километр, батыс жағынан оны биік тік жартастар, құздар қоршап тұр. Бұл жерде
жүзімнің әртүрлі сұрыптарын өсіреді. Автомобиль тоқтады, біз одан шығып, жүзімдік-
тердің салқын көлеңкесіне келіп отырдық. Жүзім дәмін таттық, салқын су іштік те, әрі
қарай жүріп кеттік.

Жүзім мерекесі

Бұл мерекені Тұрпан шұратының барлық тұрғындары асыға күтеді. Ол бұрын да жекелеген елді мекендерде ғана өткізілді. 1990 жылдан бастап мереке мемлекеттік мәнге ие болды, оған дүниежүзінің көптеген елдерінен қонақтар келеді. Әдетте, мереке жыл сайын 18-тамыздан 28-тамызға дейін өткізіледі.

Бұл мерекенің тарихы ғасырлар қойнауына кетеді. Білгірлер оның бұдан 2 мың жыл бұрын, жүзім пісіп, оны жинау басталған кезде өткізілгенін растайды. Жүзім өсірушілер мерекеде тәжірибе алмасты. Әндер айтты, биледі, түйе жарысын, қауын конкурсын (өйткені қауындар жүзіммен бір мезгілде піседі) ұйымдастырды, театрландырылған және цирктік ойындар көрсетті. Осы кезде ауылшаруашылық жылының қорытындылары шығарылды.



Бұл Тұрпанның еңбексүйгіш егіншілернің басты мерекесі болды. Алда құрғақ күз бен суық қыс бар болатын. Адамдар бәрінен бұрын қуана білді, қазіргі кезде ескі дәстүрлер жаңғыртылып келеді.

Тоқсын қаласы

Бұл шұраттың нышаны Тұрпанмен бірге басқа бір ежелгі қала – Тоқсын болып табылады. Әрине, Тұрпанды көре тұрып, Тоқсынның жанынан немқұрайдылықпен өтіп кете алмадық.

Бұл ең ескі қалалардың бірі. Ежелгі заманда бұл жерде Шань мемлекеті мен Гаочан патшалығы құрылды. Олар аймақтың державалары болып табылады және бүкіл аймақта орасан рөл атқарды. Бұл жерде ежелден қолөнер гүлденді, өндіріс дамыды. Осы уақытқа дейін қала тоқыма және тағамдық кәсіпорындарымен даңққа бөленген. Тоқсын ежелгі заманнан бастап ұлы Тұрпанның лайықты қарсыласы болды. Ол өзінің әйгілі көршісін еске салады, бірақ ол басқа қала. Мұнда Тұрпандағы сияқты, жазда өте ыстық болады. Көшеде жүзімдіктер сақталған, бірақ Тоқсында суармалы егіншілік дамыған: тоқсындықтар аттас өзеннің күш-қуат беретін суының әрбір тамшысын ұқыпты пайдаланады. Нәтижесінде шаруалар қатты сұрыпты үздік бидай өсіреді, ол дүниежүзіндегі үздік сұрыптардың бірі болып есептеледі. Егін далаларынан біз шексіз мақта плантацияларын да байқап қалдық.



Тұманды Бағрашкөл

Әйгілі тұманды Бағрашкөл туралы естімеген географтың, саяхаттар жасаудың әуесқойының жоқ екендігі анық. Бұл жерде болуды ғасырлар бойы көптеген еуропалық және қытай саяхатшылары армандады. Міне, біздің экспедиция да даңқты көл Бағрашкөлдің жағалауларына да келіп жетті. Көлге бірнеше шағын өзен келіп құяды, ал одан суы мол өзен Көншедәрия ағып шығады. Бағрашкөл Қарашахар қаласынан 24 шақырым және қаласынан 37 шақырым жерде орналасқан. Бұл – Азиядағы аса ірі тұщы көл. Жергілікті тұрғындар – ұйғырлар оны Ұлы Көл және Қашғарияның маржаны деп атайды. Ол балығының молдығымен даңққа бөленген. Мұнда жайын, сазан, тұқы, алабұға өседі. Көлдің жағалаулары аласа, құмды. Су айнасының ауданы 1000 шаршы километрден астам, ұзындығы 55 км, ені 25 км. Біз көлге жақындап келіп, оның әдемілігіне сүйсіндік. Орасан үлкен Бағрашкөлдің айналасындағы кейбір жерлерде қамыс пен бұталардан тұратын ну ормандар өседі. Көлдің жаны ыстық емес, жағымды салқындық сезіледі. Бағрашкөлдің үстінде жеңіл тұман жатыр, көкжиекте бұлтты аспан мөлдір сумен ұштасып жатыр. Көл аспанның жалғасы сияқты болып көрінеді. Көлден, жағалаудан алыс емес жерден гүлдеген лотосты көруге болады. Аймақта шағын желкенді қайықтар, катерлер тұр, олармен



Бағрашкөлде серуен құруға болады.

Судың жағасында қамыс өсіп, тал өзінің жасыл бұтақтарын суға мұңая иіп тұр... Су суық, жасылдау-көгілдір түсті болды. Көлдің үстінде толып жатқан ақ және өзен шағалалары, жағалау қарлығаштары ұшып жүрді, шақшақайды, ақ сұр қазды, үлкен сукүзғынды, аққуды, қыстау қарлығашын, торғайын, үлкен ақ және сұр құтанды, ақ қанатты үйректі, қара басты қарқылдақты көруге болады.



Қарашахар

Біз Бағрашкөл тұманды көлінен 25 километр жерде Токла-Макан аптап шөліне жақын, Ұлы Жібек жолының солтүстік тармағында орналасқан бұл танданарлық қала туралы көп естідік.

Барлық жағынан биік таулармен қоршалған Қарашахар шұраты (120 шаршы км) жұмсақ қысымен, салыстырмалы түрде салқын жазымен және құнарлы жерлерімен ерекшеленеді (Қарашахар шұратының табиғаты, климаты біз 2013 жылы күзде болған Ферғана жазығын еске салды).

Қарашахар буддизм орталықтарының бірі болды және Орталық Азияда орта ғасырларда орасан рөл атқарды. Ежелгі заманда бұл жерде қуатты держава болған, ол VII ғасырдағы қытай жылнамасы «Сюаньцзяньнің өмірбаянында» еске алынады. Мемлекетте мал шаруашылығы дамыды, асыл тұқымды жылқылар, түйелер өсірілді, егіншілікке үлкен көңіл бөлінді. Шаруалар бидай, күріш, тары, бұршақ тұқымдастарды өсірді, жүзімдіктер, жеміс бақтары мол болды. Өндіріс гүлденді, жібек және мақталық маталар дайындалды. Мемлекет алтын, күміс және қола шақалар шығарды. Ежелгі Қарашахар Қашғар, Құшардан Тұрпан мен Қытайға өтетін стратегиялық маңызды жолды бақылауында ұстады.

...Автомобиль Қарашахар қаласына келіп кірді. Қала шағын. Жергілікті тұрғындардың айтуынша, қала халқы 200 мыңдай адамды құрайды. Көптеген басқа да ежелгі қалалар



сияқты, Қарашахар – бұл алуантүрлілік қаласы (бұл сөзді үлгіге түсуден қорықпастан пайдаланамыз). Қаланың шет жақтарынан біз оларға бірнеше жүз жыл болған, дәстүрлі саз балшықтан соғылған, жайдақ шатырлы ұйғыр үйлерін көрдік. Орталықта заманауи биік ғимараттар пайда болады. Қалада өлкедегі ең әйгілі және ең ескі мешіттердің бірі орналасқандығын оқыдық және естідік. Жергілікті тұрғындардан мешіт туралы, оны қалай табуға болатындығын сұрастыра бастадық. Бақытымызға орай, бірінші кездескен қарашахарлық бізге оған қалай жетуді айтып, жөн сілтеді.





Шығыста мешіттердің табыну, мұсылмандық Күдайға қызмет ету орындары ғана емес, сондай-ақ білім берудің орталықтары да болғандығы белгілі. Өткен заманда әрбір мешіттің жанында медресе болды, бұл жерде қасиетті құранды, шарифатты, ислам негіздері ғана емес, зайырлық пәндер де зерделенді. Кейбір медреселер орта ғана емес, сондай-ақ жоғары білім де берді. Махмұт Қашғари, Жүсіп Баласағұни, әл-Фараби, әл-Бируниден бастап Тажали, Біләл Назымға дейінгі барлық ұлы ақындар, ғалымдар осындай медреселердің түлектері болды.

Автомобиль Қарашахардың Қашғар махалла деп аталатын ескі орамдарының біріне келіп кірді. Шын мәнінде бұл орам ежелгі Қашғарды еске салады: жайдақ шатырлы үйлер, қисық және тар көшелер. Осындай көшелердің бірінен біз үстелді айнала әңгімелесіп отырған ер адамдар тобын байқадық. Біз оларға жақындап келіп, жылы сәлем бердік.

Оларға:

– Біз Қазақстан ғалымдарының тобынанбыз, осы таңқаларлық өлкеге саяхат жасап жүрміз. Бізге бәрі де қызғылықты. Өздеріңіздің кім екендіктеріңізді айтыңыздаршы? Сіздердің ата-бабаларыңыз қай жерден болады? – дедік.

– Біздің арғы ата-бабамыз Қашғардан болады. Олар туған қаласын XVIII ғасырдың екінші жартысында тастап кеткен және осында келіп қоныстанған, сондықтан қаланың бұл ауданы Қашғар махалла деп аталады, – деді.

Біздің біреуіміз:

– Біз фотосуретін бірнеше рет көрген, қаладағы ең ескі мешітті көргіміз келеді, – дедік.

– Мешіт жанымызда тұр, ал мен онда имам болып қызмет етемін, – деп жауып берді.

Қырық бес жас шамасындағы, орта бойлы, кішкене сақалды, ақ жейде киген, ақылды, мейірімді және жайдары көзді ер адам. Басына ашық түсті төбетей киген екен. Бұл адамнан қандай да бір балалық белгілер байқалғандай болды. – Менің атым – Өзім-дамула, ал мына кісі – мешіттің азаншысы Махмұт-қари.

Біз ақ сақалды, жастау көрінетін шалды көрдік, ол бізге күліп қарап тұр екен.

– Оған сіздерді біздің мешітпен таныстыру ұнамды болады деп ойлаймын, – деді Өзім-дамулла.

Азаншы бізді мешітке бастап алып жүрді. Бұл табынушылық ғимараты ұлттық стильде салынған және қашғарлық мешіттерді еске салады.

Махмұт қари бізді мешітке кіргізді. Ол шын мәнінде тазалық пен тәртібімен жарқырап тұр екен, ерекше, құрметті орын болды. Өйткені бұл жерде қашғарлықтардың көптеген ұрпақтары Құдайдан халық үшін бейбітшілік пен гүлденуді тілеген еді.

Біз мешіттен шығып, қайтадан қалалықтарға келдік. Жылы жүзді әңгімелесу басталды. Олар бізді қоршап тұрып, Қазақстандағы өмір, біздің экспедицияның мақсаттары

мен міндеттері туралы сұрақтар қойды. Біз бұл сұрақтарға шын пейілмен жауап бердік. Бұл ер адамдар бізге ашық және адал жүректі адамдар болып көрінді. Біз мешітке келушілермен жылы жүзбен қоштастық.

Түскі ас ішетін кез де келді. Саяхат кезінде біз тек мұсылмандық дәмханалардан тамақтандық: алуан түрлілікке бай дәстүрлі қытай асүйі мұсылмандар мен еуропалықтар тұтынбайтын, толып жатқан азық-түліктерді қолданады. Біз Қазақстанға тіпті бүкіл дүние жүзіндегі көптеген қытай мейрамханаларындағы тамақтың өзіндік ерекшелігі бар қытай асүйіне қандай да бір бейімделуді талап ететіндігін түсіндік.



Тораңғы тоғайы

Біз Такла-Макан шөлі арқылы салынған даңғыл жолмен жүріп келеміз. Бізге тораңғы көрсету ұсынылды. Біз, әрине, бұл ағаш туралы бұрынырақта да естігенбіз. Оны өзіміздің Қазақстанда да көргенбіз. Бұрын жұмбақ көлдің сулары толқыған жерде, Лобнор ауылында және Тарым өзенінің жағасында тораңғы (евфрат терегі) көрдік. Балықшылар тораңғыдан өздеріне бала кездегі Фенимор Купер мен Майн Ридтің біз үшін сүйікті кітаптарынан жақсы таныс, америкалық үндістердің қайығына ұқсас қайықтар жасады.

Автомобиль жүріп келеді, ал біз шөл даланы қарап келеміз. Жолдың екі жағында да көрініп жатқан сорларды байқадық. Құм шағылдарының тасасынан қураған ағаштар пайда бола бастады, одан кейін жалғыз өскен жасыл ағаштар көріне бастады, ал одан кейін, күтпеген жерден сағым тәрізді тоғай пайда болды... Мұның сағым емес, нақты шынайы тоғай екендігіне сену қиын болды. Бірақ та бұл шын мәніндегі тоғай, тораңғы тоғайы еді. Бұл жұмбақ ағаш қатал табиғи ортада, жазда аса қауіпті аптап ыстық, ал қыста үскірік аяз болатын шөлдегі ойпандарда өседі.

Тораңғы – ғаламшардағы ең көне ағаштардың бірі, реликтілі ағаш. Оған 135 миллионнан астам жыл болды. Мамандар оны тасқа айналған тірі өсімдік деп атайды.

Такла-Макан шөлінде өсетін тораңғы – бұл ағаштың ерекше түрі. Такла-Макан тораңғысы мың жылға дейін өмір сүреді, ал одан кейін құлаған соң, шірімейді, құмда тағы да мың жылға дейін жата береді! Сондай-ақ ең таңқаларлығы: құм басып қалған, құлаған тораңғыдан кейіннен ағашқа айналатын жасыл өскіндердің пайда болуы мүмкін. Бұл әрине, табиғат жасаған кереметтердің біреуі. Жергілікті тұрғындардың өмірін тораңғысыз көз алдына келтіру қиын. Ұйғырлар төзімділігі мен өмірге деген құштарлығы үшін бұл ағашты «батыр» деп атайды және өлкедегі ең әдемі ағаш деп есептейді. Бұл орасан үлкен елдегі адамдардың өмірін жақынырақ біле отырып, біз Қашғарияның нышаны жүзім ғана емес, сондай-ақ тораңғы екендігін де түсіндік. Өйткені байырғы тұрғындар ежелгі заманнан бастап ғана емес, сондай-ақ шөлді және шөлейт жерлерде, Лобнор көлінің немесе көшпелі өзен Тарымның жағасында өмір сүрді, бұл жердегі жергілікті халықтың өмірін аталған бірегей ағашсыз елестету мүмкін емес. Тіпті жуырдағы уақытқа дейін үй тұрмысына керекті заттардың көпшілігін адамдар тораңғыдан жасады. Бұл ыдыс-аяқ, қасықтар, сандықтар, арбалар, ал исламды қабылдағанға дейін – табыттар... Өлкедегі ескі мазарлар мен мешіттердің әйгілі бағандары да негізінен тораңғыдан жасалды.

Әрине, бұл ағашсыз ел тұрғындарының аман қалуы қиын болатын еді.

Біз автомобильден шығып, тоғайға кірдік. Бұл таңданарлық тоғай еді, аяғымыздың астында топырақ емес, құм болды. Алайда ағаштарда құстар әндетіп жатты. Ағаштарға жақын келдік, олардың формалары әртүрлі екен. Міне, мынау аспанға ұмтылған биік тораңғы, ал жанында аласа, бірақ бірнеше ондаған метрге жайыла созылған кең бұта-жапырақтары бар. Бұл ағаш бұтақтарының бір бөлігі қураған және сынған екен. Бірнеше ғасыр бұрын болған тәрізді. Ал басқа бөлігі ашық жасыл түсті жапырақтарымен жайнап тұр. Қолымызға шағын бұтақшаны алдық және таңғалдық. Өмірімізде бірінші рет жа-

пырақтарының мөлшері мен формасы әртүрлі болатын ағашты кездестірдік. Жұмбақ ағаштан ескерткіш үшін бірнеше жапырақ алдық. Ежелгі тоғайды жағымды иіс жайылған – оның тораңғыдан шығып тұрғаны анық. Осындай таңғаларлық тоғайда тағы да болғымыз келді. Орман мен шөл – бұлар антиподтар. Бірақ Такла-Маканда олар бейбіт қатар өмір сүріп жатыр. Күтпеген жерде аяғымыздың астынан кірпіні көрдік, «ескі таныспен» кездескенімізге қуанып қалдық. Бірақ бұл жерде оның ерекше түрі өмір сүреді екен. Міне, құм қояны да жүгіріп өтті...

Біздің жолымыз болды: біздің экспедиция мүшелерінің бірі биология ғылымдарының кандидаты, Еуразия университетінің доценті Жасқайыр Қарақойшен болатын. Ол құстар мен жануарлардың түрлері мен түршелерін жақсы ажырата біледі, құстардың кез келген өкілін, сондай-ақ кез келген өсімдікті бірден атай алады. Төраңғы тоғайын тастап шыққан автомобиль шөлге келіп тоқтады. Біз аяқкиімді шешіп, ұлы шөлде ұзақ уақыт қыдырыстадық, аяқтарымыз жылылық пен жайлылықты сезінді.

Біз Такла-Макан шөлін ұнатып қалдық. Ол бізге жұмбақ, бірақ қатерлі емес болып көрінді. Шөлден тораңғыдан басқа, сексеуіл мен жыңғыл бұталарын кездестірдік. Жаңғыл – бұл көлемді бұта, төбешіктер түзе отырып, құмды тоқтатады. Кейде оның биіктігі он метрге дейін жетеді. Төбешіктер әдетке шахматтық ретпен орналасып, өтуі қиын учаскелер түзеді.

Бұл бұта өсетін жерде шағыл құмдар көшпейді. Ал көлдер болса, көшеді екен...

Көшпелі Лобнор

Жұмбақ көл Лобнор туралы естімеген саяхат жасауға әуесқойды табу қиын шығар. Балалық шағымызда Лобнор туралы біз де естігенбіз, ол туралы бізге әкелеріміз айтқан болатын. Кейінірек Лобнор туралы қолымызға түскен әртүрлі газеттер мен журналдардың беттеріндегі шағын мақалаларды, хабарламаларды, жазбаларды оқыдық. Бірде біздің қолымызға белгілі жазушы, зерттеуші Владимир Мезенцевтің «Когда появляются призраки» («Елестер пайда болған кезде») кітабы түсті. Онда жұмбақ көлге арналған беттер бар. Орыс жазушысы мынаны атап өтеді: «Лобнорды Тарым өзені мен оның саласы Көншедәрия қоректендіреді. Жазда, тауларда қар еріген кезде суы мол Тарым өз жолындағы төлдің құмдауыт топырағын оңай шайып жетеді. Ондаған тарамдарға бөлінеді. Судың негізі бөлігінің қайда кететіндігін айту қиын – оның жолы жиі ауысады. Өзен өзінің ескі жолдарынан басқа жаққа кетеді және Лобнорды сумен жабдықтауды тоқтатады. Көл жоғалып кетеді. Бірақ Тарам өз «міндеттерін» ұмытпайды. Ол үлкен шөл қазаншұңқырында жаңа қолайлы орын тауып алады және суы мол көлді қайтадан пайда қылады.

«Қазіргі кезде Тарам суы Такла-Макан шөлінде жоғалып кетеді. Нәтижесінде Лобнор тартылады, бірақ адасқан көлдің толқындары шуылдаған және жағаға ұрған, Лобнорлық балықшылар тұрған, олардың ауылдары болған жерлер сақталған. Біздің экспедиция осындай жерлерге тап болды. Бұл шөлдің солтүстік бөлігі. Біз келген жерде лобнорлықтардың ауылы сақталған. Ауданы 72 шаршы километр жерде шөлді аудан тұрғындарының тұрмыс-салтын сақтаған Лобнорлықтар тұрады. Олар, әрине, қазіргі





кезде балықшылар емес, мал өсірушілер. Біз ауылға кірдік, қамыстан жасалған өте үлкен жаппа, аса үлкен тандыр (өлкедегі ең үлкен дегенді айтты), бұл ауданның ежелгі тұрғындары салған пиктография (сурет жазулар) бар үңгір және ең соңында лобнорлықтар пайдаланған белгі беру мұнарасы қарсы алды. Бұл жерден біз шағын су қоймаларын, жұмбақ көл мен ұлы өзен Тарымның қалдығы – кішкене өзеншені көрдік.

Бұл жерде ақ және өзен шағалалары, үй торғайлары, ұзақтар, өзен үйрегі, тоқылдақтар ұшып жүрді, үлкен ақ құтанды, құм қояндарын да көрдік. Қасқырдың терісін де көрдік (оның бұл жерде мекендейтіні анық).

Біз болған қыстақ туралы Шоқан Уәлиханов та естіген. Ол бұдан 156 жыл бұрын былай деп жазған еді: «Сулар, бұлақтар мен батпақтар елінде, Лобнор (жұлдызды теңіз) көлінің жаныда Лобнор ауылдары бар. Бұл ауылдардың тұрғындары балық аулаумен айналысады, түркі тілінде сөйлеседі».



Қорла


Міне, өлкенің аса ірі қалаларының тағы да біреуі – Қорла. Онда бірнеше жүз мың адам тұрады. Бұл жердегі халықтан көп халық тек Үрімжіде ғана бар сияқты. Қорла аймақтың ең ортасында орналасқан, бұған өлке басшылары бірнеше рет назар аударған еді. Қала суы мол Көншедәрия өзеннің жағалауында орын тепкен, б.з.д. VI ғасырдың өзінде қала болған шағын тұраттың (57 шаршы км) орталығы болып табылады. Оның тұрғындары бұрыннан егіншілікпен айналысты. Қашғария «Қорла шөл мен тауларды асырайды» деген өз айтылады. Шұрат аймақтағы өзендер мен көлдеріндегі мол балығымен де даңққа бөленді. Көптеген ғасырлар бойы бұл қала Ұлы Жібек жолында маңызды рөл атқарды. Мұнда Қашғар, Құшарда Тұрпанға және Қытайға қарай өшетін түйелер керуендері тоқтаған. Ежелгі заманнан бастап Қорла тамаша алма бақтарымен белгілі болды, алайда оны өте дәмді алмұрттар ерекше даңққа бөледі. Қорланның алмұрттар қаласы деп аталатындығы кездейсоқ емес.

Қорла қаласына кіргенімізде ондағы жаңа үйлердің көптігіне таңғалдық. Олар бұл жерде жауыннан кейінгі саңырауқұлақтай өсіп келеді. Бұл қаладан біз мұндай бір үлгідегі жүздеген мыңдаған үйлерді көрдік. Бұл 33 қабатты үйлер, оларда негізінен ішкі Қытайдан қоныс аударушылар тұрады.



Чон мешіті

Қор-
лада болған
алқашқы күннен
бастап біз Чон мешітті көру-
ге асықтық. Ол қаланың орталығын-
да, біз тоқтаған қонақүйге жақын жерде ор-
наласқан екен. Қонақ үйден шығып, солға бұрылды, қаланың көп адамды көшелерімен бірнеше орамды артқа тастап, мешітке келіп жеттік. Халық оны құрметпен Чон (басты, үлкен) мешіт деп атайды. Міне, мынау соның өзі! Егер Қашғардың немесе Тұрпанның ескі мешіттерінің алдында алаңдары болса, Чон мешіті кәдімгі даңғылдардың бойында тұр. Біз ескі мешіттердің бір-біріне ұқсас екендігін баяғыда байқаған едік. Бізге Чон мешіт те бұрын болғандай болып көрінеді. Біз екі биік мұнарасы әсем асқақ мешітті көрдік. Мешіт есіктері ашыққоңыр түсті, ұлттық өрнектермен әшекейленген. Есікті ашып, ішке кірдік. Мешіт күтіп ұсталған, барлық жерден тазалық пен реттілік байқалады. Бізді жас еркек адам жылы шыраймен қарсы алып, ғимаратқа қарай жол бастады. Чон мешітте бірнеше зал бар, біз кіші залға келдік. Ағаш бағаналарды сүйсіне тамашаладық, олардың бәрі ақ, ашық жасыл және қоңыр түстерге боялған.



Шығыстың ұлы қаласы - Құшар

Ежелгі Шығыс Құшар қаласы туралы көпестер мен саяхатшылардан естідік. Қала ежелден егіншілік пен бақша шаруашылығы дамыған өте әдемі жерде орналасқан. Біз мұны шөлді жерлерден таңқаларлық және гүлдеген өлкеге келген кезде бірден байқадық. Егіндіктердегі бидай масақтаныпты, тығыз қатарлармен өскен жүгері піскен сабақтары көрініп тұрды. Мақта плантациялары көз қуантты.

Жолдардың екі жағында өскен толып жатқан бақшалар мен алып жүзімдіктер, теректер, қайындар қатты әсер қалдырды. Бұл шұратта қалаға, егіндіктер мен бақшаларға өмір беретін кәусар судың мол екендігі түсінікті болып тұр.

Әрине, табиғат та, климат та және Құшардың бірегей орналасуы да оның әйгілі тарихында шешуші рөл атқарады.



Ежелгі заманның өзінде де Құшар Орталық Азиядағы маңызды саяси және экономикалық мегаполиске айналды. Құшар шұратында егіншілік қана емес, сондай-ақ мал шаруашылығы гүлденді: Тянь-Шань тауларының етегінде тамаша жайылымдар болды, адамдар қой, жылқы, сиыр, түйе өсірді. Бұдан екі мың жыл бұрынның өзінде-ақ Құшар өз көршілерін асыл тұқымды жылқыларымен, көгершіндерімен, тауық, құстарымен таңқалдырды, олар дүниежүзінің көптеген елдеріне шығарылды.

Құшарға қанша жыл болды? Ғалымдар бірнеше мың жыл болған деп есептейді. Б.з.б. I ғасырдың өзінде Орталық Азияның аса ірі қаласы болып табылған. Өнерінің бірегейі ескерткіштері мен биік бекіністік дуалдары бар, халқы көп бұл қала б.з. II-III ғасырларына қарай қуатты Құшар мемлекетінің астанасына айналды. Ұлы Жібек жолының сол-

түстік тармағына орналасқан Құшар халықаралық саудада негізгі рөл атқарды. Бұл жерге Еуропадан, Персиядан, Орта Азия, Үндістан мен Қытайдан сауда керуендері келіп жатты. Алайда, ең бастысы көптеген ғасырлар бойы будда діні орталықтарының бірі болып



табылған Құшарда мұны дәлелдейтін көптеген шынайы фактілер бар. Қаланың өзінде бірнеше жүздеген храмдар болды. Сол бір алыс ғасырларда қалада өндіріс дамыды, құшарлықтар мыс, темір, қорғасын, қалайы өндірді, әртүрлі қолөнер түрлері гүлденді. Бұл ұлы қала тарихта Құшар (Куча, Кучэ) ғана болып қалған жоқ, жекелеген кезеңдерде ол Құшан ретінде де белгілі болды: осы уақытқа дейін жергілікті құшарлықтар өздерін құшандар, құсандар, құсандықтар деп атайды.

Бұл ежелгі қаланы өздерінің экспедициялары кезінде Құшарда болған көптеген шетелдік ғалымдар зерттеді. Бұл жерде орыс ғалымдары Д.А.Клеменц, М.М.Березовский, Николай мен Юрий Рерих, жапондық Отани, неміс А.Грюнвердель, ағылшын А.Стейн, француз Паль Пеллью болды.

Шоқан Уәлиханов Құшар туралы «... Оның тамаша өнімдері бөздер (маталар), айналадағы таулардан өндірілетін мыс, селитра мен мүсәтір. Бұл тауларда үңгірлер көп және жазда олардан оттар көрініп тұрады. Бір үңгірде ойылып жасалған буддалық табынатын мүсіндер бар» деп жазды. Қазіргі кездегі Құшар – толып жатқан биік ғимараттары бар, кейбір жерлерінде ғана ескі орамдар сақталған орасан мегаполис.



Хан Ордасында

Біз ежелгі Құшармен танысуды құшарлық билеушілердің баяғы замандардағы сарайы – Хан Ордадан бастау жөнінде шешім қабылдадық. Біз сарайға жақындап келдік. Өткен заманда Хан Орда бірнеше рет талқандалған. Бұл сарайды адамдар да, уақыт да аяған жоқ. Қазір бұл жерде мұражай бар. Сарай сәулет өнерінде шеберлер шығыс сәулет өнеріндегі дәстүрлі формаларды пайдаланған. Орталық қасбеттен көртал бөлектеніп көрінеді. Сарайда қабылдауларға арналған үлкен және кіші зал, мешіт, хан кеңсесі, жазғы әңгімелесу орындары бар. Қазір бұл үй-жайлардың бәрі – мұражай. Хан Орданың аумағы 85 гектарды құрайды. Біздің назарымызды өзіне онда Құшар билеушілері ғасырлар бойы намаз оқыған кішкентай мешіт аударды.

Мұражай жәдігерлері бұл бірегей шұраттың тарихы туралы сыр шертеді. Біз ескі қыш бұйымдарды, музыкалық сазды аспаптарды, тоқыма белдіктерін, Құшар хандары көлік еткен күймені, мыңжылдық кетпенді (шаруалар еңбегінің негізгі құралын), ежелгі жауынгерлердің темір дулығасын, оның садағы мен жебелерін мұқият қарап, көріп шықтық. Археологиялық қазындылардың жанында бөгелдік. Бұлар – жасы төрт мың жыл дерлік, ежелгі құшарлықтардың сүйектері болатын. Біз құшарлық жас әйелдің сүйегін көрдік, оның бойы 1 метр 85 сантиметрді құрайды. Бет-әлпетінде азиялық белгілер бар.



Бұл әйел, әрине, ерекше сәнқой болған тәрізді. Өйткені маңдайы жасанды түрде ұзартылған екен. Біз «О, әйелдер, біздер, еркектер үшін мәңгі жұмбақсындар. Сендер бізге ұнау үшін бірнеше мың жыл бұрын да көптеген құрбандықтарға барған екенсіңдер-ау» деп ойладық. Әйелдің қарнынан емшек еметін баланың құртақандай сүйегі сақталған кішкентай жапырақты көрдік. Ана босану кезінде қайтыс болған тәрізді, сондықтан олардың сүйегі қоса жерленген.

Оған жақын жерде тағы да екі мумияланған дене жатты. Олар еуропалық нәсілдің 30 жастан аспаған еркек пен әйелдің жас денелері. Ғашық жандар болуы да ықтимал. Оларға қарап тұрып, көптеген келушілер Ромео мен Джульетта, Фархад пен Шырын, Қыз Жібек пен Төлеген туралы аңыздарды еске алары сөзсіз.



Құшардың соңғы ханы

Хан Ордада біз Құшардың соңғы ханы Дәуіт Махсұтпен кездестік. Ол 1925 жылы (кейбір деректер бойынша 1927 жылы) көктемде туған, мұрагерлері болмаған Құшар ханының жиені еді. 12 жасында хан атағын мұрагерлікке алған. Дәуіт билеуші әулеттің он бірінші өкілі болып табылады. Бұл жерде тас ваннаның азаптары басталады: оның ағасы өлім жазасына кесілді, ал Дәуіттің өзі бірнеше ондаған жылдарын түрмелерді өткізді. Тек 1979 жылы ғана Дэн Сяо Пинь кезінде босатылып, өзінің туған ұясына қайтып оралды.

Өз өмірінің соңғы жылдары ол мәдени және табиғат ескерткіштерін қорғаумен айналысты, оның белсенді қатысуымен Хан Ордаға тарихи-өлкетану мұражайы құрылды.

Экспедиция кезінде біз тағдыры тәлкекке ұшыраған шын мәнінде аңызға айналған бұл адаммен кездескенімізде ол өте қартайған және науқас болатын. Алайда бұл күтпеген кездесудің Дәуітті шалқытқандығын, өзін алыстағы Қазақстанда білетінін есту оған жағымды әсер еткенін сезіндік. Біз бір-бірімізді ешбір сөздерсіз түсіндік, арамызда рухани қарым-қатынас орнады. Біздің біреуіміз жүзімдіктің көлеңкесіндегі сәкіде жатқан науқас





қарттың жанына отырдық және оған біздің экспедицияның мақсаттары мен міндеттерін, 1858-1859 жылдары Қашғарда болып, бұл туралы кітаптар жазған қазақ ғалымы Шоқан Уәлиханов туралы әңгімеледік. Ванның бізге деген достық пейілін көре отырып, бұл кездесуден қандай да бір ескерткіш қалдыруға ниеттенген біз одан: «Бізге өз фотосуретіңізді сыйлаңызшы» деген өтінішіміді еріксіз білдірдік. Алғысын білдірген шал басын изеді. Әйелге қарады. Алғашында біз оны ванның қызы екен

деп ойладық, бірақ әйел оның зайыбы (кіші) болып шықты. Әйел үйіне қарай кетті. Біз бұрынғы ханға тәуелсіз Қазақстан, оның Президенті Н.Ә.Назарбаев туралы әңгімеледік. Дәуіт ака мұқият және ынтыға тыңдады. Көп ұзамай әйелі қайтып оралды, күйеуінің фотосуретін алып келді. Ол жатқан жердің сол жағындағы жәшіктің үстінде кітаптар жатыр екен, олардың біреуіне Дәуіттің қолы созыла берді. Біз оған бұл кітапты қолына алуға көмектестік, ол құшарлық хандар әулетінің 200 жылдығына арналған туынды болып шықты. Дәуіт оны бізге сыйлады. Біз Хан Ордадан шықтық, ескі Құшар көшелерімен жүріп келеміз, кенет ежелгі қала қабырғаларын байқап қалдық. Бұл бір қарағанда, кәдімгі саздан жасалған қабырғалар – дуалдар сияқты. Бірақ Қашғарияның басқа да ежелгі қалаларындағы құрылысшылар сияқты құшарлықтар да өткен заманда дуалдар тұрғызудың ерекше технологиясының құпияларын меңгерді: ғасырлар өтсе де, қабырғалар тек кеше ғана салынған тәрізді тұр.



Мың Будда үңгірлері (Мың ой)

Әрине, Құшарға келіп тұрып біз бүкіл дүние жүзіне әйгілі будда үңгірлері – Мың Ой (Мың Будда үңгірлері) орналасқан елді мекенде болмай кете алмадық. Мектептегі жылдардың өзінде жазушы Сәбит Мұқанов жазған жолдардың бізге қатты әсер еткендігін еске аламыз, ол мұны өзі бұл жұмбақ үңгірлерді көрген өткен ғасырдың 50-жылдары жазған болатын. Қазақ классигі: «Мен ежелгі сәулет өнерінің көптеген ескерткіштерін көрдім, алайда бұл көргенім анағұрлым қызығырақ, қуаттырақ, жұмбақтау болып шықты» деп жазды. Сол уақыттан бастап біз Мың Будда үңгірлерін көруді армандап келдік. Міне, енді біздің арمانымыз орындалды. Мың Будда үңгірлері қаладан 35 шақырым жерде орналасқан. Біз Құшардың ежелгі заманда буддизм орталықтарының бірі болғандығын жазған болатынбыз. Үндістанда пайда болған бұл дін Құшарға, Қотанға, Қашқарияғаның басқа қалаларына енді, ол жерден Тұрфан қаласына, Қытай, Корея, Жапонияға, Оңтүстік-Батыс Азия елдеріне тарады. Құшар діни білім берудің орталығы болып табылды, қалада көптеген белгілі діни ғалымдар өмір сүрді, бірақ буддалық ғалым-теолог, миссияшы Кумараджива ерекше даңққа бөленді. Ол IV ғасырдың екінші жартысы V ғасырдың бас кезінде насихаттаумен айналысты. Аңыз бойынша, Кумараджива Құшар ханының қызы мен үнділік жасөспірімнің ұлы болған. Өзінің туған қаласы Үндістанда әйгілі діни ғалымдардан білім алған. Кумараджива энциклопедиялық білімді адам болды, көптеген тілдерді меңгерді, ұлы теолог қана емес, сондай-ақ ежелгі үнді әдебиетінің, астрономияның маманы да болды. Құшарда буддизмдегі ерекше мектеп Хинаяны зерттеді, кейінірек көптеген жылдарын бұл діннің басқа тармағы Махаянаны зерттеуге арнады. 401 жылы пірөдар миссияшы Қытайға келді. Бұл жерде діни әдебиетті насихаттап, оны аударумен айналыса бастады. Көп тілді білетін ол аудармашылардың өз мектебін құрды. Бірақ дана құшарлық шынайы даңққа бірегей діни трактаттардың авторы ретінде ие болды. Осы уақытқа дейін көптеген буддашылар оны әулие және қасиетті адам деп есептейді. Кумараджива буддизм тарихында мәңгі қалды.



Жасөспірім жол көрсетуші: «Мың Ой үңгірлері – бұл Ұлы Жібек жолында орналасқан ең ертеректегі және ең үлкен буддалық монастырь. Бұл монастырьдың құрылысы б.з.ІІІ-



IV ғасырларында басталып, 500-600 жылға дейін жалғасты. Үңгірлер 1916 жылғы жойқын жер сілкінісі кезінде зардап шекті» деп әңгімеледі.

Құйматас баспалдақтарымен діни храмға көтерілдік. Үңгірлерде бақылау камералары орнатылған. Үш-төрт үңгір – жеке үй-жайлар бір террасада орналасқан. Бір жеке үй-жай екі бөлмеден тұрады, олардың төбелері күмбез тәрізді. Бірінші бөлменің мөлшері екіншісіне қарағанда үлкен. Бірінші үлкен бөлмеде қуыс бар. Ол жерге Будданың мүсіні орнатылған. Екінші кішкентай бөлмеде тас төсек бар, онда нирванада болған кезінде Будда жатқан. Бізге өкінішке қарай тек бірнеше үңгірді ғана көрсетті. Олар құрылысы мен ауданы жағынан әртүрлі болды. Біз биіктігі 6 метр болатын Будда мүсіні сақтаулы тұрған үңгірді көрген жоқпыз. Бұл Будданың Құшардағы ең ірі бейнесі. Біз аса тамаша бедерлі бейнелерді мұқият және аса таңқала қарап шықтық. Олар негізінен Будданың дәруіштік өмірін бейнелейді. Уақыт өнердің бұл ежелгі туындыларын да аямапты. Өткен ғасырдың 60-жылдарында Қытайдағы «мәдени төңкеріс» кезінде Мың Ойды Хун-вэйбиндер талқандауға әрекеттенген. XXI ғасырдың бас кезінде Ауғанстанда тәлибтер өз еліндегі жалпыадамзаттық мәдениеттің осыған ұқсас туындыларын жойып жібергендігін еске алайық. Құшарлықтардың ежелгі туындыларына деген шынайы сүйіспеншілікті, құрметтеуді еуропалық саяхатшылар, ғалымдар да танытқан жоқ, олар қалған бедерлі бейнелерді жыртқыштықпен, дөрекі түрде шығарып алып, Еуропаға тасып әкетті. Құшардың ежелгі жері өзінің мыңдаған жылдар бойғы тарихында не көрмеді десеңізші! Мұндай барлық қатерлі сынақтарға қарамастан, Мың Будда үңгірлерінің біздің күндерге дейін келіп жетуінің өзі де бір керемет.

Қызыл Жар шатқалдары

Біз бүкіл әлемге әйгілі Қызыл Жар шатқалдарымен кездесуді асыға күттік. Олар Құшардан 64 шақырым жерде орналасқан. Тауларды көруге ынтық болған біздер бұл шатқалдарды көруге құштар болдық. Өз өмірімізде таулардағы көптеген ең әдемі жерлерді көрдік, Іле Алатауындағы шатқалдардағы көптеген соқпақ жолдармен жүріп өттік. Осы уақытқа дейін таулар – біздің құмарымыз, бос уақытымызды сол жерде өткіземіз, демаламыз және күш жинаймыз. Бізді ешнәрсемен таңғалдыра алмайтын сияқты көрінген. Алайда, бізді Қызыл Жардан көргендеріміз қатты таңқалдырды. Бұл шатқалдар – ғаламшардағы ең әдемі және айбынды жерлердің бірі. Мұны бүкіл дүние жүзі мойындайды. Біз Қызыл Жарға келіп түскен кезде басқа, беймәлім және жұмбақ қызыл ғаламшарға келіп түскендей болдық. Ұйғыр тілінен аударғанда «қызыл яр» – «қызыл жарды» немесе «қызыл жартас, құз» дегенді білдіреді, бірақ «жар» сөзі сондай-ақ «сүйгенім, аяулым» деп те аударылады. Шын мәнінде бұл жерде болған кезде көз тартар қызыл жартастарға мәңгі ғашық болып қаласың. Жергілікті тұрғындар америкалық Голливуд бұл шатқалдарда өзінің танымал «Жұлдыздық соғыстар» топтамасының көптеген көріністерін түсіргендігін айтты. Орыс ақыны Николай Заболоцкий бірде былай деген еді: «Күшті сезімдердің негізінде – үнсіз қалу жатыр». Сондықтан да, біздер, қазақстандық экспедицияның мүшелері мұндай әдеттен тыс сұлулықты көрген кезде тілден айырылғандай күй кештік. Біз Қызыл Жарға ұзақ уақыт үндеместен шолу жасадық. Шатқалға апаратын бірнеше жол бар. Негізгісінің ұзындығы 3,7 шақырым, екіншісі 2 шақырымға қысқарақ, сондай-ақ бірнеше қысқа жолдар да бар. Қызыл Жардың ұзындығымен емес, өзінің



қайталанбас қызыл түсімен және оның әртүрлі реңктерімен таңғалдыратынын атап өткізіміз келеді. Білгірлер дүниежүзінде ұзын шатқалдардың аз емес екендігін, бірақ бұдан әдемілерінің жоқ екендігін растайды. Біздің топ негізгі соқпақпен ынтымақта-са, бір-бірімізге қолдау көрсетіп, көз жазып қалмай, жүріп отырдық. Көрініс ертегідегідей болды, бірақ бұл жер сондай-ақ қауіпті де еді. Кейде жартастар үстімізге күн мен аспан көрінбейтіндей болып асылып тұрады, ал кейбір жерлерде біздің жол бір адам, оның үстіне бүгіліп қана әрең өте алатын (соқпақ жолдың ең аз ені – 40 сантиметр) тар соқпаққа, ал кейде ені 53 метр болатын шағын алаңқайға айналып отырды. Сондай алаңқайлардың біреуінен біз Будда мүсінін көрдік. Әдемілігі жағынан жұмбақ ертегідей Қызыл Жар қиялға түрткі болды, оның жартастары әртүрлі пішіндерді еске салды. Міне, мына жартас айбынды мешітті, ал мынау – айдаһарды, жанындағысы – адамның басын еске салады, ал жартастың шалғай тұсында иттің пішіні бар...

Ғалымдар бұл бірегей шатқалдардың бұдан 140 миллион жыл бұрын мезозой заманындағы бір кезеңінде қалыптасқандығын тұжырымдайды. Бұл жер буырқанған өзеннің түбі болғандығы көрініп тұр. Әрине, миллиондаған жылдардың ішінде температураның өзгерулері, қатты желдер, жауындар өз рөлін атқарды. Халық даналығында: «Жолды жүрген адам ғана бағындырады» делінеді. Жол ауыр болды, бірақ біз бәрібір де оны еңсеріп, шатқалдың түбіне де келіп жеттік. Біз өзімізді бала күніміздегідей бақытты сезіндік.



Өлі қала Субаш

Енді біз Құшардан солтүстік-шығысқа қарай 20 шақырымдай, аттас өзенге жақын жерде орналасқан сарбаз әйелдердің қаласы Субашқа жақындап келеміз. Бұл қала III-X ғасырларда осы уақытқа дейін жақсы сақталған. Субашта IV ғасырдың екінші жартысында буддалық монах-миссияшы, құшарлық ұлы Кумарадживаның насихат жүргізгендігі белгілі. VII ғасырдың екінші жартысында қала бүкіл аймақтың діни орталығына айналды. Бұл жерге Азияның көптеген елдерінен келген діндарлар жиналып, монах-тәлімгер-



лердің насихаттарын тыңдады. Қалада күн сайын таңертең қоңыраулар, кешке қарай даңғыралар соғылды, олар дінге сенушілерді храмдағы мінәжатқа шақырды. IX ғасырдағы Субаш біртіндеп құлдырай бастады. Қала XIII-XIV ғасырларда түпкілікті қаңырап бос қалды. Бұл кезде жер-жерде ислам діні бекіген еді. Біз Субашта ұзақ қыдырдық. Қирандыларды зер сала қарап шықтық.

Өлі қала екіге, атап айтқанда төменгі және жоғарғы бөліктен тұрады екен. Бұл бөліктерді өз бастауын заңғар таулардан алатын арналы өзен бөліп тұр. Қала атауы осындан

келіп шыққан (Субаш – «Судың бастауы»). Біз қаланың шығыс және батыс бөліктерін көре аламыз. Субаштың шығысында пагода орналасқан. Бұл жерде намаз оқитын зал мен Будда мүсіні жақсы көрінеді. Өлі қалатың батыс бөлігінде шаршы храм мен намаз оқитын зал жақсы сақталған. Солтүстігінде он жеті буддалық үңгір-монастырьлар орналасқан. Оларда ежелгі жазулардың сарқыншақтары бар. Өлі қалада ескі көшелермен адамдардың іздері айқын көрініп тұр. Біз Субаш құландыларын ұзақ араладық. Бұғанға дейін Мың Ой, Хан Ораданы зер сала қарап шыққан болатынбыз және де енді құшарлықтардың жан дүниесін түсінген тәріздіміз. Бұлар – ауыр сынақтар сағын сындыра алмаған дана және рухы күшті адамдар. Көптеген қиыншылықтарға, діндердің, саяси жүйелердің, мемлекеттердің алмасуына қарамастан өздерінің ежелгі ескерткіштерін сақтап қалды және құрметпен қарайды. Бұған таңданып қана қою емес, үйрену де керек.



Ақсу - ақ су қаласы

Қалаларға атаулар кездейсоқ берілмейді. Мұны біз күншуақты қала Ақсуға келген кезде тағы да бір жақсы түсіндік. Тянь Шаньнің салқын тауларының етегі мен Такла-Макан аптап шөлінің бір бөлігінде орналасқан қала суы мол Ақсу өзенімен қуандырады, оның бойымен мөлдір, таза су ағады. «Ақсу» сөзінің аудармада «ақ суды» білдіретіндігі кездейсоқ емес. Ақсу өзенінің нақ осы «ақ» суы бұл жерді өлкедегі ең әдемі шұраттардың біріне айналдырды. Оның ауданы оған жапсарлас жатқан Үш Тұрфан шұратымен бірге 1824 шаршы километрді құрайды. Өткен ғасырдағы 20-жылдардың ортасында бұл жерлерде болған Николай Рерих былай деп жазды: «Ақсу шұраты екі айтарлықтай өзеннің қосылысында орналасқан. Көктем мен жазда Тянь-Шаньнің басты тізбегі мұздықтарының ағынымен қоректенетін өзендер кең көлемді өңделетін аймақты суландыра отырып, судың мол мөлшерін әкеледі». Ежелгі заманның өзінде де бұл жерде егін шаруашылығының гүлденгені өз-өзінен түсінікті. Біз ұқыпты күтіп-бапталған бидай, жүгері, күріш егіндіктерін, бақша дақылдары бар танаптарды, тамаша алма, алмұрт, құрма, жаңғақ бақшаларын және әрине, көптеген шақырымдарға созылған тамаша жүзімдіктерді көрдік. Мұндай кереметтей шұратта мал шаруашылығының дамуы да сөзсіз. Жайылымдарда – қойлар, сиырлар мен жылқылар жүр, бұл жерде бұрыннан жергілікті асыл тұқымды түйелер өсіріледі. Ежелгі заманның өзінде Ақсу қаласы Ұлы Жібек жолындағы маңызды пункт болып табылды. Ол өлкенің әкімшілік, сауда-экономикалық, мәдени және діни орталығы болды. Ақсу өзінің қолөнерімен даңққа бөленді. Қалада қағаз маталар шығару жолға қойылды, металл мен былғары өңдейтін тамаша шеберлер жұмыс істеді. Бұл жерге бірінші мыңжылдықтың бас кезінде енген буддизм өлкеде көптеген ғасырлар бойы үстемдікке ие болған дінге айналды. XIII ғасырдың 20-жылдары Ақсу өңірін Шыңғысхан әскері жаулап алды. Кейінірек Моғолстанның астанасына айналды. XIX ғасырдың бас кезінде бұл бекініс қабырғасымен қоршалған, алты мыңдай үйі, бес мешіті, алты керуен сарайы бар қала болды. Шоқан Уәлиханов бұл қалада болған жоқ, бірақ ол туралы қызықты материал жинады және: «Ақсу қаласында 12 мың үй бар, Ақсу мен Қақшал өзенінің қосылған жерінде орналасқан, саз балшықты қабырғамен қоршалған ол көлемі жағынан Қашғардыкінен анағұрлым кіші, бірақ 4 қақпасы бар. Ақсуда 6 керуен сарайы мен 5 медресе бар. Қаланың ортасын Шарсу алаңы құрайды, одан батысқа қарай Темірші қақпаларына және шығысқа қарай Ақын қақпаларына дейін дүкендері, дәмханалары және өзгелері бар басты көшелер таралады. Базар аптасына екі рет – бейсенбі мен жұма күндері болады» деп жазды.

Қазіргі заманғы Ақсу – бұл ірі мегаполис, онда бірнеше жүздеген мың адам тұрады. Ондағы халықтың Қорылдағы халықтан аз емес екендігі айқын. Бұл екі ірі қала бір-біріне ұқсас.

Бай қаласында

Ақсудан айырмашылығы, Бай шағын қала. Бұл жерде жаңа үйлер ескі үйлермен көршілес тұр. Ш.Уәлихановқа мұнда болудың сәті түспеген, алайда білуге құштар ғалым бұл елді мекен туралы нақты ақпарат жинады және де ол: «Ақсу округіне Ақсудан солтүстік-шығысқа қарай, 205 шақырым жерде, тауларға жақын орналасқан Бай (қытайша Пай) елдімекені жатады. Кең көлемді қой шаруашылығы және киіз өндірісімен белгілі; 500 үйі бар» деп жазды.

Әрине, бір жарым ғасырдың ішінде ондағы халық саны өсті. Қазіргі кезде қазақстандық Талғар сияқты қаладағыдан аз емес адам тұрады. Шағын Бай Қаласы округте жергілікті аспаздардың көгершіндерді тандырларда өте дәмді етіп дайындауымен белгілі болған. Мұндай дәмнен рақаттанудан өтіп келе алмағанымыз өзінен өзі түсінікті. Біз өз тәжірибемізден ең дәмді көгершіндердің көше дәмханаларында болатындығын білдік, бұл жерде тұздығы сіңірілген құсты қақпағы жабылған тандырда көз алдында пісіріп береді. Тандырды көріп, тоқтадық. Көп ұзамай бізге көгершіндерді алып келді, олар ыстық, еті жұмсақ әрі дәмді еді, шын мәнінде ауызда ерігендей болды. Біз

өмірімізде бұған ұқсас ештеңені жемегеніміз жөніндегі пікірде тоқайластық. Өзіміздің тойымызды ыстық көк шаймен аяқтадық және өзіміз үшін ұйғыр ұлттық асүйінің жаңа ерекшеліктерін ашқанымызға қуандық.

Тәтті қауындар мен қарбыздар ауылында. Шекяр

Біз Қашғардан 150 шақырым жерде орналасқан Шекяр ауылына келіп кірдік. Қыстақ таза, ұқыпты екен. Арықтарда таза судың ағып жатқанын байқадық. Ауыл аттас шағын көлдің жағасында орналасқан. Машина орталық көшелердің біріне тоқтады, бұл жерде шайхана бар екен. Сонда түскі асымызды ішуге шешім қабылдадық. Мұндай дәмханалардағы тамақ қымбат емес, бірақ өте дәмді. Барлығына қуырылған балық ұнады, оны дайындау тәсілі өте қарапайым: көлден жақында ғана ұсталған шағын сазанды алады, тазартады, бөлшектейді және қайнаған қазанға салады. Бірнеше секундтан кейін арнайы күрекшемен сүзіп алады, тұздайды және қонақтарға береді. Бізге бұл қашан да жегендердің ішіндегі ең дәмді балық сияқты көрінді.



Шайхананың жанында жасөспірім жігіт қарбыз бен қауын сатып тұр екен, біз қарбыз бен қауынды сатып алдық және де өкінген жоқпыз; олар өте дәмді болып шықты. Әсіресе қауынның әдеттегіден тыс дәмі жағымды болды. Біз жігітке келіп, онымен таныстық. Есімі Ширали екен. Жуырда он сегіз жасқа толыпты. Шағын мұрты бар, бет-әлпеті сүйкімді, жақтарын әлі де қырынуды көрмеген жасөспірімдік қара түктер жауып тұр.

– Ширали, бізге сіздің қауыныңыздың дәмі ұнады. Бұл қандай сұрып еді?

– Біздің қауынның сұрыбы шекяр (ұйғыршадан аударғанда – «қант») деп аталады, кейде оны шекяр пеляк деп те атайды. Сіздер біздің ауылдың атауы қауын сұрыбының атауынан шыққандығын білесіздер ме?

Қауынның бұл сұрыбын біздің ата-бабаларымыз көптеген ғасыр бұрын шығарғаны айтылады. Мұндай тәтті сұрып тек біздің өлкеде ғана өседі. Бізде оны өсіру үшін мінсіз жағдайлардың болуы ықтимал. XIX ғасырдан бастап, біз оны Пекин, Шанхай, ішкі Қытайдың басқа да ірі қалаларына беріп келеміз, соңғы жылдары шетелге де сата бастадық.

Дихандар біздің қауынды кептіреді, тәтті құрғақ жеміс бүкіл өлкеге танымал.

– Ширали, сіздің қарбызыңыз да қауыннан қалыспайды екен, ол да өте тәтті. Маған сеніңіз, бүкіл өлкедегі көптеген елді мекендерде қонақжай қожайындар бізге қарбыз

тілімдерінің дәмін татуға берген болатын. Сіздердің қарбыздар ең дәмді қарбыздардың бірі болды.

– Жазда бізде күндіз аптап ыстық, кешке салқындау болады, жауын- шашын аз. Сондықтан да біздің қарбыздар дәмді болатын шығар. Қарбыздарымыздың сұрыптары жазғы және күзгі болып бөлінеді. Әрине, сіздер жазғы қарбыздардың қабығы – жұқа, күзгілерінде – қалың екенін білетін боларсыздар. Күзгі сұрыптары қазан айында піседі, оларды ұзақ сақтауға және тіпті қаңтар айында да жеуге болады, – деді Ширали.



Артуш - інжір қаласы

Тамыз айындағы аптық ыстық күн еді, ауа температурасы қырық градустан асып тұрған. Ыстық, бірақ қапырық емес, таулардан самал жел соғып тұрды. Біздің экспедиция әйгілі Артушқа келіп кірді. Қала Қашқардан шамамен 45 шақырым жерде орналасқан. Шоқанның кезінде бұл бірнеше ескі және ірі ауыл болған. Өлкеде көпғасырлық тарихы бар қалалар ғана емес, сондай-ақ ежелгі ауылдардың да бар екендігін атап өткіміз келеді. Заманауи Артуш – бұл әдемі шағын қала, онда бірнеше жүздеген мың адам тұрады.

1858 жылы күзде бұл жерлерді бірінші рет Шоқан Уәлиханов: «Үстун – Артуш (Жоғары Артуш) Артуш немесе Тойын өзенінің жағасында орналасқан бірнеше ауылдың жинақ атауы. Үстун Артушты құрайтын ауылдарда бақшалармен және баулармен қоршалған 30-дан 50-ге дейін балшық үйлер бар. Қуарған шөлдің ортасында жасыл ормандарға оранған бұл ауылдар өте жағымды әсер қалдырады» деп жазды.

Бізді қалада салынған биік үйлерге қарамастан, Артуштың өте жасыл болып қалғаны қуантты.

Шығыста кез кезген қала базардан басталатындықтан, біз бірден қалалық базарға жол тарттық. Алайда біз дәстүрлі шығыс базарын көре алмадық, оның орнында екі жағында да адамдар сауда жасап жатқан кең көше болды. Көкөністер мен жемістер маусымының қызған кезі болатын, сондықтан базар оларға лықа толы еді, бірақта біз інжірді іздедік. Инжірді табу, әрине, қиын емес болып шықты – міне бұл аса дәмді жеміспен толтырылған үлкен себеттері бар саудагерлердің тұтастай бір қатары. Біз інжір сатып алып, сол жерде-ақ жей бастадық. Жемістер мөлшері жағынан әртүрлі, негізінен орташа қызанақ түйнегіндей болды. Инжір шын мәнінде өте тәтті болды. Оны жеудің алдында балғын інжірді қолмен шамалы езіп және шапалақтап жұмсартқан жөн. Біз де солай істедік.



Қашқармен кездесу

Машина бізді жаңа қалалар мен әсерлер алуға қарай зымыратып алып келеді. Біз Қашқар қаласына кіріп келе жатқанымызды білдіретін жарық белгіні көрдік: жер ғаламшарын білдіретін құйматас шарда алысқа екіпіндете шауып бара жатқан өте әдемі ат, ал төмен жағында ұйғыр, қытай және ағылшын тілдерінде: «Қашқарға хош келдіңіздер!» деген жазу бар.

Автомобиль тоқтады, біз одан шықтық, жазушы және өлкетанушы Исмаилжан Иминов нұсқаушы белгіге жақындап келді және Аллаға шын жүрегінен оған өз ата-бабаларының қаласын тағы да бір көрсетуге мүмкіндік бергендігі үшін алғыс білдірді....Біз оның жанында түсіністік білдіріп тұрдық.

Қашқар – Шығыстың ең ескі қаласы. Оның атауы ұйғыр халқы үшін ән сияқты естіледі. Ол қашан пайда болды? Мұны ешкім де дөп басып айта алмайды. Алайда, мынау анық: бұл қарт қала – Ұлы Жібек жолының құрдасы. Ал ол дегеніміз бұдан төрт мың жыл бұрынның өзінде де бұл гүлденген қала арқылы Римнен, Грекиядан, Мысырдан, Вавилон, Үндістан мен Персиядан түйелер керуені Құшарға, Тұрфан, Қытай, Корея мен Вьетнамға қарай қатынап тұрған.

Қаланы мұқият зерделеген Шоқан Уәлиханов ол туралы: «Қашқар – Шығыс Түркістанның ең үлкен қалаларының бірі – 16 мың үйі бар, Қызыл және Түмен өзендерінің арасын-



да орналасқан, балшық қабырғамен қоршалған. Шаһардың шығыс және оңтүстік-батыс жақтарында екі қақпа бар: біріншісі – Су-дарбаза, екіншісі – Құм-дарбаза деп аталады. Көшелері лас емес, бірақ түзу емес, тар, тек негізгі екі көшесімен ғана қос дөңгелекті арбалар өте алады.

Ескі қала биік шардың үстінде орналасқан. Ал жаңа қала анағұрлым төмендегі жерді алып жатыр. Қаланың орталығын Айтға сауда алаңы (қалалық мешіт алаңы) құрайды. Ескі қала екі орамға: Шарсу мен Амбаршыға, ал жаңасы төртке: Орда алды, Устенбуи, Домалақ қала мен Әндіжан кучаз (көшеге) бөлінген» деп жазды.

Қашғар исламға дейінгі кезеңнің өзінде-ақ Азиядағы Христиандық орталықтарының бірі болды. Марко Поло: «Бұл жерде несторшылдар тұрады; олардың өз шіркеулері мен өз заңы бар» деп атап өтті. VII ғасырдың өзінде грек және сириялық миссияшылары арқылы Қашқарға христиандықтың енгендігі айқын. Бұл ресми түрде күпірлік болып аталған және Константинополь, сондай-ақ Рим тарапынан да қуғындауға ұшыраған, несторлық пайымдаудағы христиандық болды. Өзі пайда болған жерден жікшілдік секта ретінде қуғындалған несторшылдық христиандық әлемнен алыста – Қашғар мен өлкенің басқа да қалаларынан пана тауып, гүлденді. Константинопольдік патриарх Нестор өз насихаттарында Иисус адам болып туған, тек кейіннен ғана құдайлық табиғатқа ие болған дегенді тұжырымдады және бұл үшін еретик ретінде қарғыс айту мен анафемаға ұшыратылды.



Сол кездегі жылдары Қашғар будда мәдениетінің де орталығына айналды. Үндістанда пайда болған буддизм бұл елден Қашғарға, ол жерден Құшар, Тұрпан, Қытай мен Кореяға қарай таралды. Буддизм көптеген ұрпақтың рухани өміріне орасан ықпал ете отырып, ұйғырлар мың жылдан астам уақыт бойы табынған дін болды. Қашғарлықтар өздерінің көп мыңдаған



жылдық тарихында дүниежүзілік діндерді: христиандықты, буддизмді, қазір исламды қосқанда әртүрлі діндерді ұстанды, өздеріне бұл сенімдердегі ең үздік нәрселерді дарытты. Марко Полодан Шоқан Уәлихановқа дейінгі көптеген саяхатшылар таңданған олардың дінге төзімділігінің құпиясы осында екендігі айқын.

Қашғар шынайы даңққа Қарахандар (850-1212 жылдар) кезінде ие болды, бұл кезде ол ислам мәдениеті орталықтарының біріне айналды. Сол жылдары қалада аса білімді дінтанушылар насихат жүргізді, әйгілі медреселер жұмыс істеді. Алайда дана Қашғар, бақытқа орай, мысалы көршілес Бұхара сияқты ортодоксальды болған жоқ. Сондықтан да Қашғарияда ағарту ісі, ғылым мен мәдениет гүлденді.

Міне, сондықтан да бұл қалада Қашғардың тамаша ұлдарының данышпандары Исуси Хас Хаджип Махмұт Қашғари мен Ахмет Игунекилер өсіп жетілді. Бұл туралы кейінірек толығырақ әңгімелейміз, ал қазірше заманауи Қашғарға қайта ораламыз.

Тянь-Шань, Памир мен Кунлунның таулы қыраттары түйісетін гүлденген аңғарда орналасқан бұл қала орталық Азиядағы ең ірі және ең қызықты мегаполистердің бірі болып табылады. Ондағы халық біз жиі болатын заманауи Бішкектегіден аз емес. Қашғарда ежелгі және ескі орамдар көпқабатты үйлердің толықтай заманауи орамдарымен көрші тұр. ХХІ ғасырдың адамын биік ғимараттармен таңдандыра алмайсың. Егер мысалы, Дубайда 163 қабат ғимарат салынған болса, онда басқа жерде жүз жетпіс қабатты да салуға болатындығы айқын, осылайша тарихты заманауи қала құрылысының пайдасына ығыстыруға болады. Қашғарда ең жуырдағы уақытта елдегі ең биік көпқабатты үйлердің бірі көтерілетін болады деген тұжырымдар айтылуда. Бұл ежелгі қалаға не үшін қажет? Ал оның ескі көшелерімен кездуді әркім де армандайды.

Ескі қаланың шытырмандары

Қазіргі кезде Қашғардың ескі орамдарында қанша адам тұрады? Бұл сұраққа жауап беру қиын. Ресми статистика онда екі шаршы километр ауданда 23 мың адам тұрып жатыр дегенді растайды. Біз қаланың бұл бөлігінен көңілді жүгіріп, ойнап жүрген жүздеген баланы көрдік. Бұл шағын аумақта екі немесе үш жүздей кішкентай ирелендеген көшелер және тұйық көшелер бар. Көшелердің санын дәл есептеп шығу мүмкін емес. Көшелердің көп бөлігіне тас тақталар, кейде арнаулы әдіспен дайындалған кірпіш тақталар төселген. Біз салыстырмалы түрде ұзын, 500-600 метрлік бірнеше көшені ғана көрдік. Көшелердің көпшілігіндегі ұзындығы 200-300 метр болады. Мүлдем қысқа – ұзындығы 50 метр болатын көшелер де кездеседі.

Көшелер шытырманды еске салады: оларда бөтен адам онай адасып кетеді, бір көше күтпеген жерде аяқталып, бұрыштан ары қарай басқа көше басталады. Алғашқы уақытта, ескі қаланың шытырмандарымен жақынырақ танысқанша, біз бірнеше рет адасып та үгердік. Жолдар өте тар: біреумен арба әрең дегенде жүріп өтетін болса, басқасында екі адам қатар жүре алмайды. Көшенің екі жағындағы тығыз орналасқан үйлер әдетте екі, сирек жағдайда үш қабатты болып келеді. Төменгі қабаттар саз кірпіштен, жоғарғы қабаттар ағаштан салынған. Барлық үйлерде дерлік жартылай жертөлелік үй-жайлар бар, бұл жерде жазда салқын, қыста жылы болады. Әдетте ол жерлерде қолөнершілердің шеберханалары орналасады. Көшенің тура үстінде тірек қабырғалары жолдың екі жағында орналасқан бөлмелерді де жиі көруге болады. Сен ба-





сынды көтеріп, онда бала немесе шал ұйықтап жатуы мүмкін екендігі туралы ойлана отырып, мұндай бөлменің астынан тыныш өтесің. Және де бізге мұндай жағдайларда, көшеде болғанда үйдегілермен санасуға тура келетін, үлкен жайлы үйде болғандай болып көрінді...



Көпес Махмұттың Үйінде

Күтпеген жерден біз үлкен әдемі үйді көрдік. Аулаға шығатын есік айқара ашық екен. Есіктің және үйдің өзі де жабық емес екендігін байқадық. Бұл жерде қонақтарды, саяхатшыларды қабылдау қуанышты жайт екендігін түсіндік. Алайда бұл кімнің үйі болды екен? Ол қолөнершінің әдеттегі үйіне ұқсамайды. Біз бұл тұрғын үйдің табалдырығын білуге құштарлықпен, оң қолымызды жүрекке қоя отырып аттадық та, қатты дауыспен:

– Ассалаумағалейкүм! – дедік.

– Уағалейкүмассалам! – деп жауап берді біздің сәлемімізге әйелдің баяу дауысы.

Және де біз оны енді ғана байқадық. Орта бойлыдан биіктеу, әдемі әйел зер сала қарап тұр екен, жас шамасы 35-тен көп емес сияқты. Біз тұнық қара көздерді, ұзын кірпіктерді, доға тәріздес қастарды көрдік. Бірақ ол бетін жартылай мөлдір шифон орамамен қымсына жасыра берді.

– Кіріңіздер. Мен сіздерді көргеніме қуаныштымын.

– Рахмет, қарындас. Біз кімнің үйіне тап болдық? – деп сұрадық.



– Саудагер Махмұттың үйіне.

Қазір ол сырт сапарда жүр. Үйде мен және менің балаларым ғана бармыз. Менің балаларымның әкесі (Қашғарда әйелдері күйеулерінің атын атамауға тырысады. – Авторлар) белгілі көпестер тұқымына жатады, олар ғасырлар бойы саудамен айналысқан. Бұл үйде жүздеген жылдар бойы басқа мемлекеттердің көпестері қабылданды, ал қожайындардың өздері сауда істері бойынша басқа елдерге жиі сапарға шығып тұрған.

Біздің жүрегіміз қуаныштан лүпілдей соға бастады. «Қандай сәттілік! Бұл үйде біздің Шоқан да болуы ықтимал ғой! Бұл үйде болмаса, онда осындай басқа үйде» деп ойладық біз, ескі тұрғын үйге қарай тұрып.

Қашғарға келген кезде біз ескі қаланың көптеген үйлерінде болдық, бірақ бұл үй басқаларынан ерекшеленеді. Ол жерде ғасырлар бойы дәулетті адамдардың тұрғаны сезіледі. Сондықтан да біз оны сипаттап жазбақшымыз. Есіктердің арт жағында аулаға қарай Қашғардың барлық үйлеріндегідей дерлік әдемі атлас перделер ілінулі тұрды: бұл перделерді қожайын әйелдер апта сайын жуады және алмастырады. Аулаға тас тақташалар төселген. Біз жас бұтақшалары піскен, шоқтары күнге қарай ұмтылған шағын жүзімдікті көрдік. Үй II әрпі тәрізді салынған. Екінші қабат ұзын балконнан басталады, бұл жерде жоғары қарай кеңейетін: оған төңкерілген кесе түріндегі күмбез тәрізді форма беретін әдемі оюланған ескі бағандар ерекше бөлініп көрінеді. Үйді талантты шеберлердің салғандығы сезіліп тұр.



Қашғар қышшылары

Ең ежелгі қолөнер түрлерінің бірі – қыш ісі екендігі мәлім. Ежелгі заманда Шығыс пен Батыстың кез келген ірі қаласында қыш шеберлері тұрып, жұмыс істеген аралдар болды. Олар, әрине, Қашғарда да болды. Қазіргі кезде ескі Қашғарда, өкінішке орай, өз қолөнерімен айналысатын, ежелгі қышшылардың ұрпақтары тұратын, тек бірнеше ғана шынайы әулеттік үй сақталған. Бұл өнер бүкіл дүние жүзінде біртіндеп жоғалып келеді, көптеген мемлекеттерде толықтай тарих қойнауына кетті, бірақ ескі Қашғарда бақытымызға орай сақталып қалды. Алайда ұзаққа ма? Мәңгіге екеніне үміттенгіміз келеді. Сондықтан біз қарахандардың ежелгі астанасында болған кезімізде бірінші кезекте қыш шеберлерінің үйлерін көру жөнінде шешім қабылдадық.

Ескі Қашғардағы үйлер – ерекше уақытпен қозғалмаған дерлік әлем. Бұл үйлерге қанша жыл болған? Осы сұрақты біз көптеген қарт тұрғындарға қойдық. Әдетте бізге нақты цифр айтылған жоқ. «Жеті жүз, сегіз жүз, мүмкін мың жыл шығар» деді қашқарлықтар. Олар өздерінің ата-бабалары бұл үйлерде көптеген ұрпақтарымен ғасырлар бойы тұрғандығын растайды.


Біз қышшы Әнуар Әлидің – көңілді өмірге құштар және әңгімелесуді адамның үйінде болдық және онымен ортақ тілді тез таптық.

Біз шеберден:

– Әнуар ахун, бізге қышшылардың өнері туралы егжей-тегжейлі әңгімелеуіңізді өтінеміз, – деп сұрадық.

– Біздің қолөнер бұдан ондаған мың жылдар бұрын пайда болған. Ол ең ежелгі қолөнердің бірі, өйткені алғашқы қауымдық адамға да қандай да бір ыдыспен тамақ ішу және жеу қажет болды. Ең ежелгі адамға кейде қандай да бір сыйымдылықтың формасы бар күйген саз тап болды. Ол онымен су ішкен. Бұл адамның бірінші ыдысы болды және де ол сол кезде саздан ыдыс жасауға болатындығын түсінді. Алайда барлық саз қышшы жұмысы үшін жарамды емес, жабысқақтығы ерекше жақсы саз қажет. Біз оны ұзақ іздейміз. Егер тапсақ, сақтаймыз және бір-бірімізбен бөлісеміз. Біздің жұмыста басқаша болмайды. Сазға құм, күлді, кейде ағаш үгінділерін, басқа материалдарды қосамыз. Мен шеңбердің жанында отырған кезде сыйымдылықтарға белгілі бір форма беремін, бұл жерде тек қышшы шеңбері ғана емес, сондай-ақ бірінші кезекте менің қолдарым жұмыс істейді, нақ солар жасайды. Үлкен тәжірибе қажет, жылдар өте келе епті жұмыс істей бастайсың.

Алынған ыдысты біз бірден пешке апармаймыз, алдымен кептіреміз және одан кейін бояуын жағамыз. Әшекей бояуын қыш сыйымдылықтарға сұйықтық сіңбес үшін жағамыз. Және де ең соңында ғана ыдысты пешке қоямыз, алайда бұл жерде де шеберлік керек. Басты нәрсе – сыйымдылықты пештен дер кезінде шығарып алу қажет. Бір қарағанда біздің өнер өте күрделі емес сияқты болып көрінеді. Бұл жерде шеберлік пен шыдамдылық қана емес, сондай-ақ жақсы денсаулық та керек. Неліктен денсаулық? Өйткені барлық адам бірдей шикі балшықпен күн сайынғы қол еңбегі мен ыстық пешпен жана-



суға шыдай бермейді. Менің алыс балалық шағымда ескі Қашғарда жүздеген қышшылар жасампаздықпен айналысқан еді. Ал қазір біздер саусақпен санарлықтай ғанамыз. Мен өзімізбен бірге қышшылар қолөнерінің кетуін қаламаймын. Өйткені ойлаудың өзі қорқынышты. Қышшылар қолөнері миллиондаған жыл бойы гүлденіп келген және кенеттен біз жоғалып кетпекпіз... Бұған қоса әрбір қышшы отбасының өз құпиялары болатындығын айтқым келеді.

Әнуар ахун, ал сіз өз отбасыңыздың құпияларымен бөлісе аласыз ба? – деп сұрадық.

Біз сазға өзіміздің ерекше материалымызды қосамыз, бұдан ыдыс мықты бола түседі және ұзақ жылдар бойы сақталуы мүмкін.

Менің ұлым өсіп келеді, маған әкем мен атамнан берілген қышшы өнерінің құпияларын мен соған беремін. Бұл біздің отбасылық табыс көзі ғой... Ұлым біздің отбасымыздың дәстүрлерін жалғастырады, қышшы болады және біздің ескі үйде өмір сүруге қалады деп үміттенемін.

Біз әрине, Әнуармен келісеміз. Шынайы қышшы өнерінің көптеген құпиялары бар. Бөгде адам да, бәсекелес те оларды білуге тиіс емес. Әрбір тарих әуесқойы археологтардың жерде көптеген ғасырлар немесе тіпті бірнеше мың жыл бойы жатқан, бірақ өзінің бастапқы түрін сақтаған қыш бұйымдарды тауып жататынын біледі. Өнердің мұндай туындылары аймақтың көптеген жерлеріндегі, оның ішінде Тақла-Макан шөліндегі археологиялық қазбалар кезінде де бірнеше рет табылды. Біз оларды Қашғар, Тұрпан және Үрімші қалаларының тарихи-өлкетану мұражайларынан көрдік.


Хейтгах мешіті

Егер Мәскеудің жүрегі бірегей Кремль, оның соборлары, мұнаралары мен қызыл алаң, жас ару Астананың жүрегі – Ақ Орда сарайы мен Бәйтерек болса, онда қарт Қашғардың жүрегі – Хейтгах бірегей мешіті болып табылатыны сөзсіз.

Көптеген ғасырлар бойы бұл жерге Қашғар қонақтары келіп тұрды. Мұнда ұлы италиялық Марко Полоның болғаны (мешітінің бірінші ғимаратында) да күдік тудырмайды.

Мешіттің артындағы көшелердің бірінде Шоқан Уәлиханов тұрған. Оның бұл қалаға діні түзу мұсылман Әлімбаев болып келгенін еске алайық. Осыған орай, ол апта сайынғы жұма намазды осы мешітте жасаған деп сеніммен айтуға болады.

Хейтгах мешіті – бұл Қашғария халқының ұлттық қасиетті орны. Адамдар өздерінің ата-бабалары салған, әдемілігі жағынан керемет табыну құрылысына ерекше құрметпен қарайды. Біз ежелгі мешіт табалдырығынан аттадық (қазіргі экспедицияның мүшесі болған мен бірінші келген кезімде Хейтгахта әлденеше рет болғанмын, бірақ мешітке бірінші реттегідей, тағы да толқи кіріп отырмын. – И.И.)



Бізді бұрыштарында 18 метрлік асқақ мұнаралары көз тартатын порталдық арка қарсы алды. Қабырғалары сары түспен әшекейленген қыш тақташаларымен әсемделген. Қыш тақташаларға Құраннан алынған сөздер және ұлттық өрнектер мен нақыштар түсірілген.

Бұл жерде мешіт бірінші рет Х ғасырда, қашғарлықтар исламды қабылдағаннан кейін бірден салынған. Ол қаладағы ең үлкен және бас құрылыс болды. Алайда, өкінішке орай, XIV ғасырда, Темірлан әскері қантөгіс шайқастардан кейін Қашғарды басып алған кезде, олар мешітті қиратты. Бірақ осыдан кейін де қашғарлықтар осы жерге келіп, құландыларға намаз оқып тұрған.

Адамдар ондаған жылдар бойы мешітті қалпына келтіруді армандады. Ең соңында 1442 жылы оны белгілі сәулетші Саксиз мырза қайтадан салды. Іргетасы бұрынғы мешіттен қалған оған мың жыл толды. Оны қарахандар кезінде тұрғызған болатын. Хейтгах халықтың қаражатымен салынды, қалпына келтірілді, барлық қашғарлық дерлік өз еркімен үлестерін қосты.

1872 жылы Хейтгах үлкен жаңғыртуды бастан кешірді. Мешіттің жанында медресе жұмыс істеді, осы уақытқа дейін тыңдаушыларға арналған 36 сынып бөлмесі сақталған.

Хейтгахтың жалпы ауданы 16800 шаршы метрді құрайды, 20 мыңға дейін адам сияды, айт кезінде мінәжат етуге 100 мыңға дейін адам келеді, көпшілігі тура мешіт алдындағы алаңда намаз оқиды.



Жүсіп Хас Хаджип Баласағұни кесенесі

Жылы, жазғы таң болатын. Оңтүстіктен жел соғып тұрды. Шаршап-шалдықтыратын аптап әлі де басылмаған еді. Біздің экспедиция мазарға жақындап келді және алыс болған кездің өзінде де оның асқақ әдемілігіне сүйсіне қарап келдік.

Бұл кесенеге Шоқан келді ме екен, ұлы ақын туралы естіді ме екен?

Ол Жүсіп Хас Хаджип туралы жазған жоқ, тамаша ақынға даңқ кейіннен, қайтыс болғаннан кейін келді. Бірақ мазар XIX ғасырдың 50-жылдары Қашғардағы белгілі жер болды. Қалаға ат басын тіреген кез келген мәдениетті мұсылманның бұл жерде болатыны айқын. Өйткені бұл жерде ақынның бейігі ғана емес, сондай-ақ медреседен, мешіттен, қабылдау бөлмесінен, көрме залынан және ең соңында мазардың өзінен тұратын бірден-бір діни ағартушылық ислам орталығы орналасқан.



Білуге құмар Шоқанның ғасырлар бойы самайына ақ түскен қалада болған кезінде көптеген мешіт-медреселерде болғандығын, белгілі ақындармен, ғалымдармен, дінтанушылармен (ахундармен) танысқандығын, Қашғардан қазір Ресейде, Санкт-Петербургте сақтаулы тұрған аса сирек кездесетін қолжазбаларды иеленіп, алып шыққандығын еске алайық. Оның ауданы 1900 шаршы метрді құрайтын бірегей кешенді көруі және бейжай қалмағандығы сөзсіз.

Сәулет өнерінің аса үздік туындысын Қашғар шеберлері салған. Мұсылмандық Шығыстағы көптеген құрылыстар сияқты ол қарапайымдылығы мен және онымен бір мезгілде – салтанаттылығымен таңғалдырады. Бұл қатты әсер ететін кешеннің қабылдау бөлмесінен біз Жүсіп Хас Хаджиптің мүсінін көреміз, көрші үй-жайда аса көрнекті ұйғыр суретшісі Ғази Әметтің қылқаламынан туған ақын портреті орналасқан.

Мазардың шеттері бойынша, сырт жағынан күмбезді биік мұнараларды көруімізге болады. Сәулет өнерінің ескерткіші көгілдір түсті жарқын өрнектермен әшекейленген ақ тақшалармен әрленген, күмбездің өзі – күңгірт-көгілдір түсті.

Біз мазардың ішіне кірдік, бұдан мың жыл бұрын өмір сүрген және шығармашылық туындыларын жасаған ақын жатқан жерге толқыныспен жақындадық.

Жүсіп Хас Ходжип туралы мәліметтер аз сақталған. Оның Қарахандардың жазғы резиденциясы – Баласағұн қаласында 1018 жылы (басқа деректер бойынша 1016 жыл) дүниеге келгені белгілі. Балалық және жасөспірімдік шағында тамаша білім алды, өз ана тілінен бөлек араб және парсы тілдерін меңгерген. Көптеген ұлы ғалымдардың, антикалық және ортағасырлық ақындардың еңбектерімен таныс болған. Түрік ғалымы Р.Араттың есептеуінше, 54 жасында 18 ай бойы жұмыс істеп, «Құтты білік» поэмасын аяқтап, оны Қашғардың билеушісі Табғаш Боғар-ханға сыйлаған. Алғысын білдірген хан ақынға Хас Ходжим, «Сарай министрі», «Бас камергер» жоғары атағын берген. Бұл лауазым ақынның екінші есіміне айналды.

Өткен заман зерттеушілерінің көпшілігі поэманы дидактикалық туынды ретінде сипаттады, бірақ заманауи әдебиеттанушылар оны мемлекеттің саяси құрылысына арналған дастан ретінде қарастырады. Қалай болғанда да «Құтты білік» дүниежүзілік әдебиет қазынасына енді. Онда көтерілген көптеген мәселелер бүгінгі күні де маңыздылығын жоғалта қойған жоқ.

Опалда, Махмұт Қашғаридің бейітінде

Оның дүниеге келгенінен кейін мың жыл уақыт өтсе де, Шығыстың да, Батыстың да ағартушылық әлемі Махмұт Қашғари есімін біледі және еске алады. Алайда әртүрлі елдердің көптеген зерттеушілерінің пікірінше, мұндай деңгейдегі ғалым Қашғарияда және шектес жатқан түркі тілдес басқа елдерде туған жоқ. Махмұт Қашғари Қашғардың нышаны мен мақтанышы болып табылады. Ежелгі қалаға дүниежүзінің көптеген елдерінен данышпан қашғарлықтың әруағына бас ию үшін ғалымдар, ақындар және қарапайым адамдар келеді.

Әрине, біз де Қазақстандық ұлттық-географиялық қоғам экспедициясының мүшелері, оның бейітінде болу туралы шешім қабылдадық. Ғалымның мазары ежелгі қаладан 50 шақырым жердегі Опал елді мекенінде орналасқан. Жергілікті қашғарлықтарға бұл жер

«мазар хазретим моллам» - «Қасиетті ұстаздың мазары» ретінде белгілі: олар ойшылдың бейітін ғасырлар бойы, құрметпен нақ осылай атаған. Кесене мың жылдық шынар ағаштары өскен алып саябақта орналасқан. Біз ғалымға ескерткіш орнатылған саябақтың табалдырығын толқи аттадық. Биік тұғырда Махмұт Қашғаридің кемел жасқа келген кездегі әппақ мүсіні бейнеленген. Ол оң қолына ұстаған кітабымен алға, болашаққа қарай сеніммен қарап тұр...

Кесене жетпіс метрден асатын биік төбеде орналасқан. Ол ұйғыр сәулет өнерінің дәстүрлерімен салынған, мұсылмандық сәулет өнерінің ықпалы да сезіледі. Мазардың Қашғар құрылысшылары қолдарының жұмысы екендігі өз-өзінен түсінікті. Ол өлкенің көптеген ескерткіштері сияқты қатаң қарапайымдылығымен және салтанаттылығымен таңғалдырады.

Кесене қабылдау бөлмесінен, бейіттің өзінен, суретші Ғази Әмештің





кылқаламынан шыққан ғалым портреті ілулі тұрған залдан, дүние жүзінің әртүрлі тілдеріндегі өлмес еңбекті көруге болатын шағын мұражайдан құралады. Өкінішке орай, бұл кітапты біз қазақ және орыс тілдерінде көре алмадық. Алланың еркімен біз тағы да Опалға келетін болсақ, мұражайға Алматыда басылып шыққан қазақ және орыс тілдеріндегі «Диуан Лұғат ат-Түрікті» міндетті түрде әкеліп, сыйға тартамыз.

Біз мазардан шықтық, оларға Махмұт Қашғаридің өзі де жататын Қарахандар әулетінің өкілдері жатқан ескі зиратқа таяп келдік. Зират мазардың айналасындағы төбелерде орналасқан. Біз сән-салтанатты ескерткіштерді көрмедік, тіпті кімнің жерленгені туралы жазулар да жоқ. Шындығында да, Құдіреттің алдында бәріміз де: хандардың ұрпақтары ада, қарапайым дихандар да бірдейміз. Өміді бастан өткізіп, біз бәріміз мәңгілікке кетеміз.

Махмұт Қашғари 1008 жылы сол жылдардағы қуатты Қарахандар мемлекетінің астанасы Қашғарға жақын жердегі Опал елдімкеніндегі Азих деген жерде дүние есігін ашқан. Ғалым жөніндегі өмірбаяндық деректер көп сақталмаған, алайда бір жайт қана факт болып қалмақшы. Ол өз дәуіріндегі аса білімді және ақылды адамдардың бірі, отаншыл және гуманист болды. Махмұтың бүкіл мұсылмандық Шығысқа әйгілі қашғарлық «Сәжия» медресесінде білім алғандығы белгілі. Сол жылдары бұл жерде көптеген белгілі ғалымдар сабақ берді, олар өз тәрбиеленушілеріне қомақты білім берді. Біз тіпті көптеген ғасырлардан кейін Махмұт Қашғаридің бірегей біліміне қайран қаламыз. Бұл ғалым-энциклопедияшының құбылысы тақыр жерде пайда болуы мүмкін еместігі өз-өзінен түсінікті. Әйгілі қашғарлықтың тәлімгерлері аса білімді және дарынды адамдар болғаны хақ. «Сәжия» медресесінің тыңдаушылары ислам мен Құран негіздерін ғана



емес, сондай-ақ шетел тілдерін, лингвистика, тарих, география, математика, биологияны да зерделеді. «Диуан Лұғат ат-Түрік» жазылған XI ғасыр түркі тайпаларының күшейген ғасыры болатын. X ғасырдың соңында Қарахандар мемлекеті ирандық Саманилер әулетін қиратып, астанасы Қашғар болған қуатты империя құрды. XI ғасырда түркілер Селжұқтар әулетінің бастауымен Таяу Шығыстағы орасан аумақты бақылауында ұстанды, Византия империясын жеңіп, Константинопольді басып алды. Түркі халықтарының Жерорта теңізінен бастап Гоби шөліне дейінгі үстемдік ету дәуірі басталды. Мұндай жағдайларда үстем тіл – араб тілі болған халықтар өздерін бағындырғандардың тілін зерделеуге мәжбүр болды. Махмұт Қашғари өз сөздігін осы мақсатпен жазған еді. Туған халқының тілін, әдебиетін, фольклоры мен тарихын сүйген ғалым өз туыстарының тілін зерттеу және бұл туралы кітап жазу үшін көп жерлерді аралады.

Саяси қуғындаулардан құтыла отырып, Махмұт Қашғари туған қаласын тастап кетті және ұзақ жол жүрулерден кейін Бағдадқа келді. Онда ол өз өмірінің басты кітабын жазды. «Диуан лұғат ат-Түрік» бұл қалада 1072 және 1083 жылдардың арасында пайда болды, сол уақыттың дәстүрі бойынша ғалым оны аббастар халифі әл-Мукшадиге әкелді. «Диуан...» - бұл диалектологиялық сөздік қана емес, сондай-ақ өз заманындағы энциклопедия да. Дана ғалым – энциклопедияшы жазған бұл еңбекте лингвистикалық сипаттағы ғана емес, сондай-ақ әдебиет, фольклор, тарих, медицина, астрономия, логика, ауыл шаруашылығы, әскери өнер жөніндегі материалдар да бар...

Кітапта М.Қашғари құрастырған «Мұсылман әлемінің картасы» бар. Онда ғалым көптеген халықтар өмір сүретін елдер мен қалаларды, далалар мен тауларды, шөлдер мен өзендерді, көлдер мен ормандарды белгілеп, көрсетті. Бұл біздің күндерге дейін келіп жеткен дүниежүзіндегі ең ескі карталардың бірі.

Қашғардың ескі бекіністік қабырғалары

Қашғардағы біздің экспедиция кезінде қалалық қабырғаның (дуалдың) сақталып қалған бөлігін көрудің сәті түсті. Дуалдың биіктігі 10 метрге дейін, ені 5-6 метрге дейін жеткен. Онымен тек шағын арба ғана жүре алатын еді. Бұл қаланың өткен заманда жақсы бекінген қамал болғандығын білдіреді. Қалаға кіретін орталық қақпалар болды, бірақ Әппақ қожа елді мекенінен қалаға ерекше кірер жер болды, оны тек қожалар ғана пайдаландық. Әппақ қожа мен оның ұрпақтары Қашғария тарихында маңызды рөл атқарды.



Торығарт пен Таш-Рабат

Қазақстандық ұлттық географиялық қоғамның экспедициясы Қашғардан шығып, Қырғызстанмен шекара жағына қарай аттанды. Біз тауға көтерілдік және тау жолымен жүрдік.

Торығарт асуы теңіз деңгейінен 3350 метр биіктікте орналасқан.

Ондаған километр жүріп өттік, елді мекендер көрінбейді, тек кейде ғана қырғыздың киіз үйлерін, жанында жайылып жүрген жылқыларды, ешкілерді байқауға болады.

Кенет біз тау көлін байқап қалдық. Бұл – әйгілі Шатыркөл еді. Біз автомобильден шығып, көл бетіндегі шексіз көгілдір тегістікке сүйсіне көз салдық.

Біз құстарды байқамадық – олар бәрібірде де мекендейтін сияқты, бірақ олар көрінбейді және дауыстары естілмейді. Көлдің жағалаулары батпақты, жақындап бару мүмкін емес еді.

Кейірінек Шатыркөлге құятын шағын өзендерден балықты кездестіруге болатын болса да, көлде балықтың болмайтындығын білгенде, таң қалдық. Бұл су айдынының қырғызша атының аудармасы «Аспандағы көлді» білдіреді – теңіз деңгейінен 3530 метр биіктікте жатыр. Шатыркөл – Тянь-Шаньдағы тұйық көл, Торығарт- Тау және Атбаш қыраттарының арасында, тектоникалық жік орнында, Шатыркөл ойысының неғұрлым





төменгі бөлігінде орналасқан. Көлдің ауданы 153,5 шаршы километр.

Қазақтың ұлы ғалымы Шоқан Уәлиханов өз күнделігінде: «1859 жылы 18-наурыз күні (18 наурызескі стиль бойынша жаңа стиль бойынша – 21 наурыз – Авторлар) біз барлық жағынан таулармен қоршалған және қалың қар жабынына оранған Шадыркөл (Шатыркөл) бау көлінің айтарлықтай кең аңғарына келіп шықтық... Шадыркөл көлінің ені 10 шақырым және ұзындығы 20 шақырым, оның биікте орналасуы, абсолюттік биіктігі 7000 футтан кем емес болуы тиіс» деп жазды. Уәлихановтің арнаулы өлшеу құрал-жабдықтары және өлшеулер үшін жеткілікті уақытының жоқтығына қарамастан, Шатыркөл ауданын көз мөлшерімен дәл анықтағаны таңғалдырады!

Таш – Рабат – бұл Орталық Тянь-Шяньнің адам аяғы баспайтын тауларындағы өзінің әдемілігі жағынан бірегей тас сарай. Ол қашан, неліктен, қандай мақсаттар үшін салынған? Бұл сұрақтарға осы уақытқа дейін жауаптар берілген жоқ. Жылдық орташа температурасы – минустік. Қыста аяз 50 градусқа дейін жетеді, жаздың өзінде де бұл жерде болады. Таш – Рабат Жібек жолынан шамалы шеткерірек орналасқан. Сондықтан бұл жерде болған көптеген ғалымдар ол өткен заманда монастырь рөлін атқарған деп есептейді: біреулері бұл жерде буддалық, енді біреулері – христиандық монастырь болған деп ойлайды.

Алайда біз Таш – Рабат бастапқыда X–XI ғасырларда (кейбір ғалымдар XIV–XV ғасырлар деп есептесе де) Қарахандар күшейген кезде стратегиялық маңызды тау жолындағы

әскери бекініс ретінде салынған деп есептейміз. Бұл жерде тұрған әскери құрам Қашғардан, Жәркент пен Қошаннан Ферғана жазығы мен Жетісуға өтетін жолды бақылауында ұстаған секілді. Кейінірек ол керуен сарайына айналған, бұл жерден әртүрлі елдердің көпестері пана мен қорғаныш тапқан. Мұндай бекіністер, керуен сарайларының Қарахандар кезінде аз болмағандығы шүбәсіз, бірақ бізге дейін тек Таш – Рабат қана келіп жетті.

Бізге дейін бұдан 155 жыл бұрын бұл жерлерде болған Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов тас бекіністі көргенде былай деп жазған: «Шатқалдан шығатын жолға жақын жерде тау содан өз атауын алған Таш-Рабат тас ғимараты бар. Шығыста үлкен жолдарда саяхатшыларға баспана болуға арналып жасалған ғимараттарды рабат деп атайды. ...Ғимараттың ұзындығы шамамен 12 сажын және ені 7 сазды сланец тақташаларынан салынған. Ұзын дәліз сфера тәрізді күмбезі бар дөңгелек залға (радиусы 5 аршын) әкеледі, дәліздің бүйірлерінде кішкентай аласа есіктер жасалған, оларға қатты бүгілуден бөлек кіре алмайсың; бұл есіктер шағын шаршы және сопақшалау бөлмелерге әкеледі».

Ғалымның Таш-Рабатты сипаттаудағы дәлдігі таңғаларлық!

Біз бекіністі аралап шықтық, барлық бөлмелеріне кірдік, оларда түндік (жарық түсетін және оттың түндігі шығатын тесік) бар, зынданды (жерасты түрмесі), құдықты көрдік. Тас қамал – бұл шаршы ғимарат тәрізді. Бекініс – қақпалары шығысқа қаратылған.

Қазақ ғалымы сол кездегі ел аузындағы аңыз туралы әңгімелейді, ол бойынша Таш – Рабатта қаншама бөлме бар екендігін дәл есептеу мүмкін емес – әр жолы әртүрлі цифр шығады. Шоқаннан кейін біз де есептедік: бізде 31 бөлме болып шықты. Қамалда 20 күмбез бар.

Буырқанған Нарынның жағалауында

Біздің экспедиция Нарын өзенінің жағалауларына келіп жетті. Бұл буырқанған, суы мол өзен, одан адамның өтуі қиын. Біздер, экспедицияға негізгі қатысушылар тау өзені Қарғалының жағасында ержеттік, оның тентек мінезі бізге жақсы таныс еді. Нарынның мінезі біздің туған өзеннің мінезінен ондаған есе тентектеу екендігін жақсы түсінгеніміз түсінікті еді. Сондықтан да біздің Нарынға деген қызығушылығымыз өсе түсті. Буырқанған Нарын биік таулардан басталады, оны мұздықтар мен бұлақтар қоректендіреді. Ол өзімен бірге тастар мен алып қойтастарды ала кетіп, тар шатқалмен құтырына ағады. Өзеннің басталар жерінде Нарын мемлекеттік қорығы орналасқан, өлкенің бірегей табиғатын қорғайды.

Біздің данышпан қазақ зерттеушіміз бұл жерлердің табиғи әдемілігіне таңғалған. Шоқан: «Өзеннің оң және сол жағалауын бойлай өтетін таулар шырша орманымен жабылған және жабайы аңдарға бай. Өзеннің жағалауы шырғанақ, тал, терек пен шілік өскен ормандық жолақ (Авторлар) болып келеді» деп жазды.

Өзеннің ұзындығы 807 шақырым. Суы мол өзенді суландыру үшін пайдаланады, бұл өзеннен атақты Үлкен Ферғана және Солтүстік Ферғана арналары бастау алады. Өзеннің энергетикалық ресурсы орасан мол, онда Тоқтағұл, Таш – Көмір, Үшқорған су электр стансаларының орналасуы кездейсоқ емес.

Бізді Нарын қаласы таңқалдырды. Біз облыс орталықтары – бұл әдетте айтарлықтай үлкен қалалар екендігіне үйренгенбіз. Ал Нарынды қала деп атау қиындау сияқты, ол қалашыққа көбірек ұқсайды. Қала өзі аттас бір өзеннің жағасында, Нарын тауының етегінде 2000 метр биіктікте орналасқан. Ғалымдар қаланың негізі Қарахандар заманында,



Қашқарға баратын жолда қаланғандығын құптайды. Антикалық дүниеде ежелгі римдіктер: «Барлық жолдар Римге әкеледі» деп тұжырымдаған еді. Шын мәнінде, бұдан мың жыл бұрын дерлік, Қарахандар қағанатының қуатты кезінде Орталық Азияда барлық жолдар мемлекеттің астанасы – Қашғарға әкелетін еді.

Біз әйгілі Бурана мұнарасына жақындап келдік. Ол маңғаздана асқақтап тұр, оны алыс қашықтықтан да көруге болады. Біз Бурананың – бұл жерде бір кездері болған мемлекеттің мұнарасы екендігін бірден түсіндік. Бұл ескі мұнара бізге Тұрпандағы Сүлей-



мен қажы (Имин вана) мемлекетінің әсем мұнарасын еске салды. Әрине, бұл жерде Қарахандар кезінде қала, қала болғанда да үлкен қала болған. Мұндай мұнараны экономикасы дамып қана қоймай, сондай-ақ әртүрлі қолөнері, өнері гүлденген, тек үлкен және бай қалада ғана салуға болатын еді. Белгілі орыс тарихшысы В.В. Бартольдтің бұл жерде Қарахандардың жазғы резиденциясы орналасқан Баласағұнның тұрғаны туралы болжам айтуы кездейсоқ емес. Қазіргі кезде көптеген мамандар Бурана қалашығын жұмбақ жағдайда жоғалып кеткен ежелгі Баласағұнға теңеп жүр. Оның ізсіз-түзсіз жоғалып кетуі мүмкін емес екендігі өз-өзінен түсінікті, және де археолог ғалымдардың алдында таңқаларлық жаңалықтар тұр.

Қазіргі кезде ол қаланың орнында ашық аспан астындағы археологи-

ялық-сәулеттік мұражай орналасқан. Бұл мұражайдың жүрегі мұнара болып табылады. Ғалымдардың көпшілігі мұнара Шу жазығында бұл қала пайда болған XI ғасырдың екінші жартысынан басталып тұр, қала XI-XII ғасырларда гүлденген, XIII-XIV ғасырларда құлдырай бастап, XV ғасырда өмір сүруін тоқтатқан деп есептейді. Мұнараны неліктен ғасырлар бойы «Бурана» деп атайды? «Бурана» – бұл «мұнара» (минорет) сөзінің бұрмаланған түрі секілді.

Өмірімізде бірінші рет біздің ата-бабаларымыз, ежелгі түркілік көптеген ғасырлар бұрын бейттерге қойған тас мүсіндер – балбалдарды мұқият қарап шықтық. Олар шын мәнінде Азияның шексіз кеңістіктерінде үстемдік еткен ержүрек ежелгі түркі жауынгерлерін еске салады.

....Автомобиль қырғыз астанасы, негізі Қоқан хандығының билеушісі Мадали ханның бұйрығымен 1825 жылдың қаланған, Пішпек деп аталған, қазіргі Бішкекке қарай жақындап келеді. Бүгінгі күні ол біздің мемлекетке көршілес ел – Қырғызстанның саяси, мәдени және өнеркәсіптік орталығына айналды. VII-XII ғасырларда бұл жерде түркі қалашығы болған, кейіннен ол өзінің өмір сүруін тоқтатқан. Бірнеше ғасыр бойы ол жерден көптеген елдердің көпестері пана тапқан керуен сарайы тұрды.

Біз Бішкектен Алматыға ұшақпен ұшып шықтық. Біз де Шоқан Уәлиханов сияқты, өз экспедициямызды осы қалада аяқтадық: Шоқан өз экспедициясын Верный қаласынан бастады, біз Алматы қаласына ұшып келдік. Және де бұл нышанды рәсім болды.

Біз алдымызға қойған мақсатты орындадық. Көптеген ежелгі қалалармен, тарихи сәулеттік және табиғат ескерткіштермен таныстық және көрдік. Ұлы отандасымыз, ғалым, саяхатшы Шоқан Уәлихановтың керуен жолы бойынша жүріп өттік.

Әдебиет

Валиханов Ч. Избранные произведения. Алма-Ата, Казахское государственное издательство Художественной литературы, 1958.

Маргулан А. Очерк «Жизнь и деятельность Чокана Валиханова». В книге: Ч. Валиханов. Избранные произведения. - Алма-Ата, Казахское государственное издательство Художественной литературы, 1958. Стр.15-79.

Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Алма-Ата, «Наука», 1961-1972.

Хасанов К. Чокан Валиханов как уйгуровед. Алма-ата,1963 г.

Стрелкова И. «Друг мой, брат мой...». Москва, «Молодая гвардия», 1975.

Стрелкова И. «Валиханов». Москва, «Молодая гвардия», 1990.

Валиханов Ч. Избранные произведения. Алматы, «Арыс»,2009.

Каримова Р. «Неизвестная и опасная Кашгария». «Казахстанская правда» от 24/05/2013, 31/05/2013.

Ермекбай Ж. «Поездка Ч.Ч. Валиханова в Восточный Туркестан». Вестник Томского государственного университета, 2013, №372. С. 101-105.

Куттыкадам С. «Дао Алтая». Алматы, 2013, с. 274-277.

Марко Поло. Книга о разнообразии мира. Алматы, 2004. С.161.

Мазмұны

I Төлім. Қашқарды Шоқан Уәлиханов экспедициясымен зерттеу

1. Шоқанның балалық шағы	5
2. Омбыдағы кадет корпусында оқуы	6
3. Шоқанның алғашқы саяхаттары. Құлжаға жасаған экспедициясы.....	8
4. Қашқар сапары алдында. Жолда	10
5. Қашқарда	14
6. Оралу	22

II Төлім. Шоқан Уәлихановтың керуен жолымен

7. Үрімші	26
8. Ұлы Тұрпан	28
9. Жүзім мейрамы	32
10. Тоқсын қаласы	33
11. Тұманды Бағрашкөл	34
12. Қарашахар	36
13. Тораңғы тоғайы	40
14. Көшпелі Лобнор	42
15. Қорла	44
16. Чон мешіті	45
17. Шығыстың ұлы қаласы – Құшар	46
18. Хан ордасында	48
19. Құшардың соңғы ханы	50
20. Мың Будду үңгірлері (Мың ой)	52
21. Қызыл Жар шатқалдары	54
22. Өлі қала Субаш	56

23. Ақсу – ақ су қаласы	58
24. Бай қаласында	59
25. Тәтті қауындар мен қарбыздар ауылында. Шежар	60
26. Артуш – інжір қаласы	62
27. Қашғармен кездесу	63
28. Ескі қаланың шытырмандары	66
29. Көпес Махмұттың үйінде	68
30. Қашғар қышшылары	70
31. Хейтгах мешіті	72
32. Жүсіп Хас Хаджип Баласағұни кесенесі	74
33. Опалда, Махмұт Қашғаридің бейітінде	76
34. Қашқардың ескі бекіністікқабырғалары	79
35. Торығарт және Таш-Рабат	80
36. Буырқанған Нарынның жағалауында	83





Республикалық қоғамдық бірлестігі
**Қазақстандық Ұлттық
Географиялық Қоғамы**